Сұралғандардың 1/10 бөлігіне жуығы тек қана ұлттық мейрамдарды атап өтсе, тек 3,1% «Жоқ, мүлдем ұстанбаймыз» деп теріс жауап берді (7-диаграмма).

7-диаграмма.

«Сіздің отбасыңызда Сіздің ұлтыңыздың (этносыңыздың) дәстүрлерін ұстанады ма?» сұрағына жауаптардың үлестірімі (%-да, бір жауап нұсқасы)



Ұлт тұрғысынан, сауалнама нәтижелері көрсеткендей, қазақ ұлтының өкілдері күнделікті өмірлерінде өз этностарының барлық дәстүрлерін қуана-қуана және дәйекті түрде ұстанады – 49,2%. Біраз азырақ, бірақ сұралғандардың жартысында «өзге» ұлт өкілдері өз этностарының барлық дәстүрлерін ұстанады – 43,6%. Және, ақыр соңында, орыстар арасында өз этностарының салттарын ұстанатындар мейлінше аз – барлық сұралғандардың ішінен бар болғаны 25%.

Аймақтар тұрғысынан «өз этносының барлық салттарын» Қызылорда– 63,7%, Түркістан – 64,0% мен СҚО – 62,3% барынша дәйекті ұстанады. Ақмола мен БҚО-да айтарлықтай төмен көрсеткіш, сәйкесінше 7,9% және 10%.

5 БӨЛІМ ЭТНОСАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР ЖӘНЕ ДІН

Қазақстандық қоғамның полиэтникалық және поликонфессиялық болу шарттарында жастардың өзіндік және «бөгде» этникалыққа немесе дінге қатынасын зерделеу, этникалық құқықтарды ұстануын, толеранттық деңгейі мен өзге ұлт, этнос, конфессия, мәдениет пен тіл өкілдерімен ашық диалогте түсіп, серіктесе алу мүмкіндігін бақылау сұрақтары аса маңызға ие болып отыр.

Тәуелсіз Қазақстанның маңызды игіліктерінің бірі ретінде Н.Ә. Назарбаев саяси тұрақтылық пен оның құраушы бөлігі ретінде ұлтаралық, конфессияаралық келісімді атайды. Біздің еліміздегі түрлі этностар мен конфессиялар арасында диалог құрудың тәжірибесін басқа мемлекеттер жоғары бағалап, өздеріне қабылдайды. Дегенмен әлемдегі этносаралық және діни саладағы жағымсыз құбылыстардың көбеюі, діни радикализм мен ұлттық экстремизмнің күшеюі билік органдарынан, қоғамнан әсіресе жастар арасында төзбеушіліктің кез келген формаларын таратуды болдырмау мен алдын алу бойынша әсерлі шараларды құру мен жүзеге асыру бойынша жаңа тәсілдерді талап етеді.

Этносаралық қатынастарының сипатын, этностық-діни топтар мен индивидтердің полиэтникалық қоғамдағы орнын, олардың ара салмағын (яғни олардың бір-біріне жақындығының немесе алшақтығының, жатырқануының деңгейі), олардың өзара байланысының дәрежесін сипаттайтын көрсеткіштердің бірі этностық топтар арасындағы әлеуметтік арақашықтықты әлеуметтік өлшеу болып табылады.

Зерттеуде жастардың этностық топтарды қабылдауындағы арақашықтық пен жақындықты зерделеу мақсатында «Сіз қай жерде тұруды қалайсыз?» сұрағы қойылып, территориялық-географиялық және этностық орналастыру бойынша бірнеше мүмкін болатын нұсқалар ұсынылған.

Сауалнама көрсеткендей, сұралған жастардың көпшілігі территориялық-географиялық орналастыруда «урбанизацияланған қаладағы» өмірді таңдайды – жиынтықта бұл сұралған респонденттердің 79%-на жуығы.


Енді урбанизацияланған қала ортасындағы өзге ұсынылған нұсқалар арасынан, респонденттердің көпшілігі – 57,8% «Түрлі этникалық топтар (ұлттар) адамдары бар қалада» тұрғылары келетіндерін мәлімдеген. 21,9% ғана өздерінің этностық топтарының (ұлттарының) өкілдерінен тұратын әлеуметтік ортада ғана тұрғылары келетінін мәлімдеген. Ауылда, бірақ тек өз ұлттық тобының арасында сұралғандардың 7%-ы тұрғысы келеді (8-диаграмма).

Осылайша, жастардың көбі қалалық өмір салтын ұстануды қалайды және полиэтникалық және поликонфессиялық әлеуметтік

ортада тұруға толерантты қарайды. Дегенмен жастардың 1/3-інің «өздерінің арасында» өмір сүруді жөн көретіндігі кейбіреуілерінің санасында таптаурындар мен теріс түсініктердің бар болуын, демек, халықтың бір бөлігіндегі этникалық топтар арасындағы әлеуметтік қашықтықтың өсуін көрсетеді

8-диаграмма.

«Сіз қай жерде тұруды қалайсыз?» сұрағына жауаптардың үлестірімі (%-да, бір жауап нұсқасы)



Сауалнама нәтижелері көрсеткендей, ұлт тұрғысынан қарайтын болсақ, қазақ ұлт өкілдеріне қарағанда – 55,1%, орыс этникалық тобы мен «өзге» ұлт өкілдерінің жастары «түрлі этникалық топтар адамдары бар қалада» тұру қалауын жиі және ынталана білдірген, сәйкесінше – 66,4% және 64,0%.

Аймақтар тұрғысынан, «түрлі этникалық топтар адамдары бар қалада» тұру қалауын барынша ашық және дәйекті Астана қ. – 79,5% мен Қарағанды облысының – 77,1% жастары көрсеткен болатын. Атырау облысының жастары

– 31,9% азырақ ынта білдірді.

Этносаралық қашықтықты өлшеу этносаралық қатынастардың жағдайын нақты көрсетіп қана қоймай, этносаралық өзара қатынастағы жасырын «мәселелі аймақтардың» бар болуын анықтауға мүмкіндік береді.

Түрлі біркелкі орналасқан жақындық дәрежелері, бір адам екіншісін кіргізе алатын «шеңберлерден» тұратын әлеуметтік қашықтықтың бірқатар әлеуметтік және психологиялық межелері бар. Ең жақын шеңберлердің бірі болып әдетте «көршілер», жақын орналасқан аудандағы тұрғындар, сонымен қатар «жақын туыстар» шеңбері, оған қоса неке арқылы қосылған туыстар шеңберлері саналады, осыған орай респонденттерге өз жақындарының қатарына өзге этнос пен

топ өкілдерін қабылдауға дайындығы туралы сұраққа жауап беру ұсынылды.

Біздің зерттеудің нәтижелері бойынша жастарда «көршілестік» жақын тұру белгісі бойынша минималды әлеуметтік қашықтық «АХАЖ-да некені ресми тіркеусіз бірге тұрып жатқандар», «басқа этникалық топ (ұлт) адамдары», «басқа дін (сенім) адамдары», «оралмандар» сияқты топ өкілдеріне қатысты белгіленген, «маған бәрібір» жауабына сәйкесінше 59,8%, 58,3%, 55,4% (4-кесте).

Бұл белгі бойынша барынша әлеуметтік қашықтық жастар арасында және, бірінші кезекте, «дәстүрлі емес сексуалды бағдары бар адамдар», «сізге таныс емес тілде сөйлейтін адамдар» және «иммигранттар мен шетелдік жұмыскерлер» сияқты топ өкілдері арасында байқалған, «маған бәрібір» жауабына сәйкесінше – 16,4%, 40,0%, 46,0%.

Нәтижелердің талдауы жастар мен этникалық топтардың әлеуметтік қашықтықтарының аздығын көрсетті, бұл жастар арасындағы толеранттықтың жоғары деңгейіне айғақ болып табылады. Оған қоса, сұралғанның әрбір үшіншісінің өз отбасында өзге ұлт өкілі бар.

Дәстүрлі емес сексуалды бағдары бар адамдар мен мигранттар сияқты әлеуметтік топтардың өкілдері мен жастар арасындағы әлеуметтік қашықтық пен үлкен алшақтық сақталуда.

4-кесте.

«Төменде түрлі адам топтары келтірілген. Келтірілген топтардың қайсысымен көрші болғыңыз келетінін белгілеуіңізді сұраймыз» сұрағына жауаптардың үлестірімі (%-да, нәтижелер «Маған бәрібір» жауаптары бойынша сараланған)

Адам топтары	Үзілді-кесілді жоқ	Жоқ шығар	Маған бәрібір	Болса екен	Жауап беруге қиналамын
АХАЖ-да некені ресми тіркеусіз бірге тұрып жатқандар	13,5	14,1	59,8	5,8	7,0
Басқа этникалық топ (ұлт) адамдары	5,5	8,1	58,3	24,4	3,9
Басқа дін (сенім) адамдары	11,8	19,2	55,4	8,0	5,8
Оралмандар	10,3	17,8	53,5	12,5	6,0
Иммигранттар мен шетелдік жұмыскерлер	10,7	31,4	46,0	9,1	2,9
Сізге таныс емес тілде сөйлейтін адамдар	14,7	29,1	40,0	9,0	7,3
Дәстүрлі емес сексуалды бағдары бар адамдар	54,9	20,7	16,4	1,5	6,5

Сауалнама нәтижелері көрсеткендей, ұлт тұрғысынан қарайтын болсақ, орыс ұлтының өкілдері мен «өзге» ұлттардың өкілдерінің жастары келтірілген барлық топтармен «көрші» болу мүмкіндігіне қатынас бойынша мейлінше қашықтықта орналасқан.

Осылайша, өзге этностық топтардың өкілдерімен көршілес болу мүмкіндігі туралы сұраққа өзге этникалық топ өкілдерінің тек 0,6%-ы, орыстардың 1,7%-ы және қазақтардың 7,0%-ы «үзілді-кесілді жоқ» деп жауап берді.

Жастардың орыс этникалық тобының өкілдері оралмандар сияқты топпен көршілес болу мүмкіндігіне мейлінше толеранттық қатынасты көрсетті – «үзілді-кесілді жоқ» жауабы 12,1%, қазақтар – 10,0%, «өзге» этникалық топтар – 9,3%.

Этносаралық қатынастар мен толеранттық деңгейдің жағдайы туралы нақты айтуға болатын белгілердің бірі респонденттердің этносаралық некелерге деген қатынасы туралы сұрағына жауап болып табылады. Сауалнама нәтижелері көрсеткендей, жастар мүмкін болатын неке серіктесін таңдау туралы сұрақ қатынасында барынша либералды көзқарастарды ұстанады. Осылайша, сұралғандардың 35,1%-ы бұл сұраққа «менің қатынасым бейтарап, әркім еркін жұбай таңдауға құқылы», яғни оның этникалық түп-тегіне байланыссыз деп жауап берді.

21,4% этносаралық некелерге сүйіспеншілікпен қарайды, «жағымды шығар, жұбай таңдауда ұлт ешқандай маңызға ие болмайды» жауабын таңдаған. Тағы 20,0%-ы бұл құбылысқа бірімәнді жағымды қарап, «этносаралық некелер Қазақстан халқын біріктіреді» деп ойлайды (9-диаграмма).

Дегенмен 15,6% және 5,7%-ы этносаралық некелерді жаратпайды, олардың пікірінше, жұбайлардың ұлты мен мәдениетіндегі айырмашылықтар осындай отбасылық одақтардың дәулеті мен тұрақтылығына жағымсыз әсер ететін қосымша қауіп болып табылады – сәйкесінше «Теріс шығар, этносаралық некелер мәселе тудырады» және «Этносаралық некелер ажырасуларға душар болады» жауаптары.

9-диаграмма.

«Этносаралық некелерге қалай қарайсыз?» сұрағына жауаптардың үлестірімі (%-да, бір жауап нұсқасы)



Сауалнама нәтижелері көрсеткендей, ұлттар тұрғысынан қарағанда, этносаралық некелерге қазақ ұлтының жастары мейлінше жағымды қарайды – «теріс шығар, этносаралық некелер мәселе тудырады» жауабы – 19,6%, «өзге» этникалық топ өкілдері – 5,8% және орыстар – 3,4%.

Аймақтық тұрғыдан жастардың этносаралық некелерді бағалауында айтарлықтай айырмашылықтар анықталған. Барынша жағымды – «Жағымды, этносаралық некелер Қазақстан халқын біріктіреді» жауабымен этносаралық некелерді Қостанай – 42,9%, Қарағанды – 38,4% облыстары мен ШҚО – 36,0% жастары бағалайды. БҚО – 2,9%, Астана қ. – 5,1%, Қызылорда – 8,8% және Ақтөбе – 9,2% облыстарындағы жастарда ең аз көрсеткіш байқалды.

Соңғы кездері әлеуметтанушылар заманауи жастардың құндылықты бағдарларының құрылымында діншілдік деңгейінің күшеюін белгілеген. Дегенмен дінге деген қызығушылық немесе автоматты түрде культты ұстану, зерттеу практикасы көрсеткендей, міндетті түрде адамда сенім мен діни дүниетанымның пайда болғандығын білдірмейді.

Қазақстандағы діни жағдайдың ерекшелігі «мұсылман», «православ», «католик» ұғымдарының «діншіл» ұғымына тең еместігінде. «Діншіл» – бұл дінге сенуі соншалықты жоғары адам, діни дүниетаным оның өмір салтын анықтайды. Адамның діншілдік деңгейі бірнеше критерий, белгі көмегімен белгіленеді, оларды әлеуметтік мониторинг көмегімен өлшеуге болады, әсіресе, мыналарды:

- Діни сана, сәйкестік, адамның құндылықты бағдарлары құрылымындағы дін орны, діннің өз өмірі мен қоғам өміріндегі орнын бағалауы,
- культтық діни жүріс-тұрыс,
- адамның діни өмірге енуі (шоқынғандық) – мешіт, шіркеу, ғибадатханаға бару, ораза ұстап, ауыз бекіту, намаз, дұға оқу және т.б.

Ұстаушылық пен күнделікті өмірде діни салттар мен канондардың режимдерін ұстану реттілігінің дәрежесіне байланысты адамдардың діншілдігінің бірнеше сатысы ерекшеленеді. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, сұралған жастардың көпшілігі өздерін діншілмін деп таниды, бірақ діни өмірде белсенділік танытпайды. «Мен діншілмін, бірақ діни өмірге қатыспаймын», «мен діншілмін, бірақ сирек, тек мейрамдарда ғана ғибадатханаларға барып, діни нормаларды сирек ұстанамын» жауап нұсқаларының қосындысы 66,8%-ға жетеді, бұл жастардың басым көпшілігі «енжар» діншілдер болып, діни дүниетанымға ие еместігін көрсетеді.

Респонденттердің 16%-ын ғана «белсенді» діншілдер қатарына жатқызуға болады, олар «мен діншілмін, діни қауымдастық өміріне

қатысып, діни нормаларды ұстанамын» жауабын таңдаған, демек, оларды діни дүниетаным иелері деп атауға болады (10-диаграмма).

10-диаграмма.

«Сіз өзіңізді діншіл адам деп есептейсіз бе?» сұрағына жауаптардың үлестірімі (%-да, бір жауап нұсқасы)



Жас тұрғысынан діншіл жастардың көпшілігі 19 бен 23 жас аралығындағы топта анықталған – 19,9%. 14 пен 18 жас аралығында ондай жастар 14,5%, 24 пен 28 жас аралығындағы топта – 14,2%.

Ұлт тұрғысынан алғанда, қазақ ұлты жастарының діншілдік деңгейі орыстармен салыстырғанда екі еке көп, дегенмен өзге ұлт өкілдерімен салыстырғанда аз. Сәйкесінше, «Мен діншілмін, діни қауымдастық өміріне қатысып, діни нормаларды ұстанамын» жауабы – қазақтар – 17,0%, орыстар – 8,9%, «өзгелер» – 21,5%.


Аймақтар тұрғысынан қарағанда, тұрғылықты орынға байланысты жастардың діншілдік деңгейімен байланыс анықталған. Осылайша, «Мен діншілмін, діни қауымдастық өміріне қатысып, діни нормаларды ұстанамын» жауабының көрсеткіштері Маңғыстау – 30,7%, Қостанай – 23,1%, Жамбыл – 22,8% облыстары жастарында діншілдің ең жоғары деңгейін көрсетеді. Ең төмен көрсеткіштер Ақмола облысы – 1,3%, БҚО – 1,4% мен СҚО – 1,9%. жастарында.

Дегенмен жастардың көпшілігі діншілдік деңгейінен тәуелсіз жастардың жағымды әлеуметтенуіндегі діннің құрал ретіндегі маңызды рөлін түсініп, «Құдайға сену, діни орындарға, ғибадатханаларға бару рухани-адамгершілік тәрбиеге септеседі» және жастардың дамуына көмегін тигізеді деп айтарлықтай сеніммен мәлімдеді. Бұл оймен сәйкесінше 47,2% және 27,5% бөліседі – «иә, міндетті түрде көмектеседі» және «белгілі бір жағдайларда көмектеседі (жастар

қылмысы, маскүнемдік, нашақорлық және т.б.)» жауаптары (11-диаграмма).

11-диаграмма.

«Сіздің ойыңызша, Құдайға сену, діни орындарға, ғибадатханаларға бару қазақстандық жастардың рухани-адамгершілік тәрбиесіне көмектеседі ме?» сұрағына жауаптардың үлестірімі (%-да, бір жауап нұсқасы)



6 БӨЛІМ МӘДЕНИ-АДАМГЕРШІЛІК ДАМУ

Өмір салты – бұл адамның әлеуметтік тіршілігінің нақты түрі, тәсілі. Өмір салты индивидтің күнделікті белсенділігінің негізгі типтік формаларының (еңбектік, танымдық, саяси, бос уақыт өткізу, тұрмыстық) белгілі бір жиынтығы (жинақ, иерархия, құрылым және т.б.) ретінде көрініс табады. Сыртқы шарттардың әртүрлілігі, тіршілік қарекетін анықтаушы, сонымен қатар бір шарттарда ер балалар мен қыздардың әлеуметтік шындықты игеру тәсілдерінің түрлі сипатқа ие болуы жастардың бірыңғай қалыптасқан өмір салтының шекарасында «өмір салттарының» табиғи әртүрлілігін қалыптастыруға ықпал етуі мүмкін.

Қазақстандық жастардың өмір салттарындағы стильдік әртүрлілікті, бос уақыт өткізу формалары мен құрылымын, демалыс режимі мен мәдени-адамгершілік даму ерекшеліктерін зерделеу мақсатында сауалнамада бірқатар сұрақтар құрастырылды.

Жастардың дамуына олардың әлем, мемлекет пен қоғам өміріндегі құбылыстар жайлы ақпарат алу көздері барынша ықпал етеді.

Сауалнама көрсеткендей, осындай ақпарат алу көздерінің құрылымында заманауи қазақстандық жастарда, ең алдымен, әлеуметтік желілер – 90,3% басымдылыққа ие, екінші орында теледидар – 70,9%, үшінші орында Интернеттегі жаңалық контенті – 63,9%.

Сұралғандар санынан айтарлықтай аз адам – 40,5% кітап оқиды (соның ішінде электронды), сұралғандардың 1/3-і электронды және баспа газеттері мен журналдарын оқып, радиода жаңалық топтамасын тыңдайды – сәйкесінше 37,8%, 36,2% және 33,7%.

Сауалнама нәтижелері көрсеткендей, газеттер мен радио сияқты дәстүрлі ақпарат көздерінің хабарландыру рөлі төмендеп барады. Жастардың компьютерлер мен байланыстың мобильді құралдары (смартфондар, планшеттер) сияқты ақпарат алудың сандық көздеріне өтуінің заңды беталысы байқалуда (21-диаграмма).

12-диаграмма.

«Аталғандардың қайсысын Сіз соңғы апта ішінде оқыдыңыз, көрдіңіз немесе тыңдадыңыз?» сұрағына жауаптардың үлестірімі (%-да, бір жауап нұсқасы)



Сауалнама көрсеткендей, жастардың бос уақытты өткізу құрылымында бос уақыт өткізудің барлық мүмкін болатын түрлері орын алады – би және спорттық клубтарға барудан бастап, мешіт пен шіркеу сияқты діни мекемелерге баруға дейін.

Дегенмен мәдениет, бос уақыт өткізу мен діни орталықтарға жастардың бару жиілігі біркелкі емес, және зерттеу нәтижелері көрсеткендей, жастар театр мен концерттерге жылына 1-2 реттен артық емес, кинотеатрларға жылына 3-6 рет барады. Көбіне жастар бос уақытын кафе, бар, мейрамханаларда айына бір реттен аптасына бір ретке дейін өткізеді. Бәрінен жиі – аптасына бір реттен артық жастар тек спорт залдарына барады (5-кесте).

5-кесте.


«Төменде келтірілген орындарға Сіз қанишалықты жиі барасыз?» сұрағына жауаптардың үлестірімі (%-да)

Орын	Ешқашан	Жылына 1-2 реттен артық емес	Жылына 3-6 рет	Айына бір рет	Аптасына 1 ретке жуық	Аптасына 1 реттен артық	Қиналамын
Бар/Кафе/Мейрамхана	9,8	19,6	24,8	27,6	12,3	4,3	1,8
Кітапхана	44,1	23,1	13,2	10,9	5,4	1,3	2,2
Көрме	52,4	27,3	9,6	5,1	2,8	0,7	2,4
Зообақ	43,3	36,9	10,7	4,6	1,9	1,1	1,8
Ойын-сауықтыру орталығы	33,7	22,4	17,9	16,7	6,0	1,8	1,6
Кинотеатр	16,8	24,1	25,1	23,4	7,2	1,7	1,9
Компьютерлік клуб	64,6	12,7	8,9	6,9	3,8	1,5	1,8
Мұражай	50,9	32,1	7,7	4,3	2,3	0,5	2,3
Түнгі би клубы	59,8	15,9	10,6	8,4	2,9	0,8	1,8
Спорт залы	37,6	13,5	13,3	12,3	11,0	9,9	2,6
Театр, концерт	31,0	38,1	16,0	8,7	3,3	1,0	2,0
Мешіт/Шіркеу/Синагога және т.с.с.	20,3	26,2	17,1	15,4	12,1	3,1	6,0

Интернетті кез келген тасымалдаушы түрінде қолдану режимі – респонденттердің басым көпшілігінде жүйелік сипатқа ие және «күніне бірнеше реттен» – 67,5% «күнде, күніне бір рет» – 23,5% арасында өзгеріп отырады (13-диаграмма).

13-диаграмма.

«Интернетті қанишалықты жиі қолданасыз (тасымалдаушының кез келген түрінде)?» сұрағына жауаптардың үлестірімі (%-да, бір жауап нұсқасы)




Жастар арасындағы барынша танымал әлеуметтік желілер үтшітігіне шетелдік мессенджерлер кіреді – американдық WhatsApp, Instagram, ресейлік «В Контакте» – сәйкесінше 85,1%, 70,0% және 69,2% (14-диаграмма).

Әдетте, жастар Интернеттегі әлеуметтік желілерде бірнеше аккаунтқа ие болады, онда бір мезетте бірнеше платформаға ақпарат салып, суреттерді жүктеу мүмкіндігін иеленеді. Бұл уақытты үнемдеп, жазылушылар шеңберін айтарлықтай арттырады.

14-диаграмма.

«Сіздің қандай әлеуметтік желілерде аккаунттарыңыз бар?» сұрағына жауаптардың үлестірімі (%-да, кез келген жауап саны)



Интеллектуалды бос уақыт өткізу формасы ретіндегі кітап оқу мейлінше таралған іске айналып бара жатыр. Сұралғандардың 32,2%-ы ғана бос уақытта қандай да бір әдебиетті оқып жатқанын мәлімдеді (15-диаграмма).

15-диаграмма.

«Сіз қазіргі таңда қандай да бір әдебиетті оқып жатырсыз ба?» сұрағына жауаптардың үлестірімі, (%-да, бір жауап нұсқасы)




Алдындағы сұраққа оң жауап берген 32,2% респондентке «Сіз қандай тілдегі көркем әдебиетті оқисыз?» қосымша сұрағына жауап беру ұсынылды.

Респонденттердің басым көпшілігі бірнеше жауап нұсқасын таңдап, бірнеше тілде көркем әдебиетті оқитынын мәлімдеді.

Дегенмен сұралғандардың 79,0%-ы көбінесе орыс тіліндегі көркем әдебиетті оқитынын мәлімдеді. Сұралғандарың жартысынан көбі – 58,4%-ы қазақ тілінде оқыса, 14,6%-ы ағылшын тілінде оқиды, бұл жастар арасындағы көптілділік пен үштілділіктің барынша таралып бара жатқандығын дәлелдейді (16-диаграмма).

16-диаграмма.

«Сіз қандай тілдегі көркем әдебиетті оқисыз?» сұрағына жауаптардың үлестірімі (%-да, кез келген жауап саны)



Ұлттар тұрғысынан, сауалнама нәтижелері көрсеткендей, қазақ ұлтының өкілдері (кему реті бойынша) орыс тілінде – 73,6%, қазақ тілінде – 71,9%, ағылшын тілінде – 14,6% оқиды.

Орыс ұлты өкілдері (кему реті бойынша) орыс тілінде – 95,5%, қазақ тілінде – 14,5%, ағылшын тілінде – 13,6% оқиды.

«Өзге» ұлты өкілдері (кему реті бойынша) орыс тілінде – 90,5%, қазақ тілінде – 34,9%, ағылшын тілінде – 15,9% оқиды.

Зерттеуде жастардың жеке, отбасы-некелік және сексуалды салалар мен қоғамдық өмір стандарттарындағы қандай да бір ауытқушылықтарды қабылдау дәрежесі анықталды.

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, отбасы-некелік және сексуалды салаларда азды-көпті мүмкін болатын ауытқулар қатарына «бірге тұру» – 16,4%, «ер адам үшін некеге дейін жыныстық қатынастар» – 10,9% және «әйел адам үшін некеге дейін жыныстық қатынастар» – 6,3% жауаптарын жатқызады – «толығымен қабылданады» жауаптары. Айта кететіні, жастар пікірінше, «некеге дейінгі сексуалды қатынастар» әйелдерге қарағанда ерлер үшін көбірек кешірімді – қабылдау мен мақұлдаудағы айырмашылық 4,6%-дан артық.

Жастар көзқарасы бойынша, мейлінше қабылданбайтын және мүмкін емес жүріс-тұрыстағы ауытқуларға «өзіне-өзі қол жұмсау» – 0,7%, «ер адам өз әйеліне/қызына қол көтеретін жағдай» – 0,7%, «пара беру» – 0,9%, «балаларға қатысты физикалық жаза қолдану» – 0,9% жатады.

Кейде жағымсыз бағаларға ие болатын мүмкін болатын жүріс-тұрыс түрлеріне жататын «түсік тастау», «ажырасу» мен

«Гомосексуалды қатынастар» аралық орындарға жайғасқан, жастар оларға бейтарап болып келеді (6-кесте).

6-кесте.

«1 мен 10 арасындағы меже бойынша, Сіздің көзқарасыңыз бойынша келесі құбылыстардың қабылдану деңгейін бағалауыңызды сұраймыз, онда 1 – мүлдем қабылданбайды, 10 – толығымен қабылданады» сұрағына жауаптардың үлестірімі (%-да, нәтижелер «Толығымен қабылданады» жауаптары бойынша сараланған)

Құбылыс	Бағалау межесі										
	Мүлдем қабылданбайды	2	3	4	5	6	7	8	9	Толығымен қабылданады	Қиналамын
Бірге тұру	33,3	5,0	3,6	3,5	9,0	7,2	6,3	7,3	4,8	16,4	4,0
Ер адам үшін некеге дейін жыныстық қатынастар	39,3	4,6	4,5	4,6	8,7	6,7	6,5	6,6	5,2	10,9	2,7
Әйел адам үшін некеге дейін жыныстық қатынастар	52,6	5,9	4,9	3,6	7,4	5,4	3,7	4,1	3,6	6,3	2,6
Ер адам әйел адамнан аз ақша табатын жағдай	37,4	6,1	9,6	7,0	12,0	9,1	5,8	4,9	2,4	3,9	2,1
Гомосексуалды қатынастар	77,3	6,0	2,6	1,5	2,5	1,4	1,4	1,6	0,6	2,6	2,6
Ажырасу	61,5	5,2	6,4	5,1	8,3	5,3	2,5	0,9	0,5	2,0	2,5
Түсік тастау	76,1	4,9	4,9	2,6	3,6	2,2	0,8	0,6	0,4	1,1	3,1
Пара алу	77,5	4,9	5,0	2,6	3,9	1,3	0,8	0,5	0,3	1,0	2,5
Балаларға қатысты физикалық жаза қолдану	76,0	9,3	4,0	2,5	3,0	1,5	0,6	0,6	0,5	0,9	1,5
Пара беру	75,5	6,3	5,0	1,9	4,2	1,9	1,3	0,3	0,6	0,9	2,4
Ер адам өз әйеліне/қызына қол көтеретін жағдай	83,7	6,3	2,7	1,5	1,8	1,2	0,3	0,4	0,2	0,7	1,5
Өзіне-өзі қол жұмсау	88,9	3,6	1,7	0,5	1,0	0,6	0,2	0,2	0,4	0,7	2,2

Сауалнама нәтижелері көрсеткендей, ұлттар тұрғысынан орыс этникалық тобының өкілдері отбасы-некелік, әлеуметтік және сексуалды салалардағы ауытқулардың кез келген түріне барынша жылы шырайды көрсетеді.

Осылайша, мысалы, 12,6% орыстар үшін ғана бірге тұру «мүлдем қабылданбайды», ал басқа этникалық топтарда пайыз 27,9%-ды құраса, қазақтар үшін 38,6%-ға жетеді.

«Әйел адам үшін некеге дейін жыныстық қатынастар» тек 19,5% орыс үшін «мүлдем қабылданбайды», бұл көрсеткіш «өзге» ұлт өкілдері үшін 45,9% және қазақтар үшін 61,1%-ды құрайды.

«Ер адам үшін некеге дейін жыныстық қатынастар» 14,1% орыс үшін «мүлдем қабылданбайды», бұл көрсеткіш «өзге» ұлт өкілдері үшін 32,0% және қазақтар үшін 46,1%-ды құрайды.

«Гомосексуалды қатынастар» – 64,9% орыс, 75,0% «өзге» ұлт өкілдері мен 80,4% қазақтар үшін «мүлдем қабылданбайды».

Аймақтық тұрғыдан қарағанда, барлық жүріс-тұрыстың ауытқу формаларын қабылдау/қабылдамау бағасына байланысты бірнеше аймақ қана ерекшеленеді. Бұл Атырау мен Маңғыстау облыстары, онда отбасы-некелік, әлеуметтік және сексуалды өмір салаларындағы жүріс-тұрыстың ауытқуының барлық формаларында қабылдамаудың максималды жоғары бағалары анықталған. Бұл аймақтарда адам жүріс-тұрысының қоғамдық оймен тыйым салушылығының барынша жоғары деңгейі байқалды. Одан кейін Түркістан, Жамбыл мен Қызылорда облыстары ілеседі, онда қабылдамау көрсеткіштері төменірек болғанымен, айтарлықтай жоғары болып сақталып отыр.

Сонымен қатар БҚО, СҚО, ШҚО, Қарағанды, Қостанай мен Павлодар облыстары, онда ауытқулардың түрлі формаларын барынша жылы шыраймен бағалаған, жастар ортасында адам жүріс-тұрысының әлдеқайда кең ауқымы қабылданады.

Астана мен Алматы қалаларындағы жастар арасындағы айырмашылықтар да анықталған. Сауалнама көрсеткендей, Астана жастары «өзгелердің» жүріс-тұрысын бағалауда консерваторлық көзқараста, ал Алматы жастары демократияға жүгінеді.

Респонденттерге олардың пікірінше қазақстандық жастардың рухани-адамгершілік тәрбиесіне жауапты әлеуметтік құрылымдар мен институттар иерархиясын өз бетінше анықтау ұсынылды. Жастарды тәрбиелеу мен әлеуметтену құрылымдары мен институттарының ұсынылған тізімінен респонденттер бірінші кезеке отбасыны белгіледі. Респонденттердің 78,9%-ы осы институт бәрінен бұрын қазақстандық жастардың рухани-адамгершілік тәрбиесіне жауапты деген сенімде.

Жастардың рухани-адамгершілік тәрбиесі үрдісінде мектеп, мемлекеттік органдар, достар мен құрдастар компаниясы сияқты өзге де құрылымдар мен институттардың рөлі мен мәні, жастардың көрінісі бойынша, әлдеқайда төмен – 6%-дан аз (17-диаграмма).

17-диаграмма.

«Сіздің пікіріңізше, бірінші кезекте, қазақстандық жастардың рухани-адамгершілік тәрбиесіне кім жауап беру керек (мейірімді, адал, жауапты болу

және т.б.)?» сұрағына жауаптардың үлестірімі (%-да, бір жауап нұсқасы)



Заманауи қазақстандық қоғам үшінші жаңғыру жолы бойынша дамып жатыр – құрылымы мен функционалдық бағдары бойынша бұрын соңды болмаған қоғамды қалыптастыру. Бұл заманауи түрдегі қоғам нарықтық, сандық, өз мүшелерінен жаңа дағдыларды, білім мен құзыретті талап етеді. Жастар, бірінші кезекте, заманауи қоғамның сыртқы және ішкі сын-тегеуріндеріне сезімтал, ол өз заманының тұрақты өзгеретін талаптарына жедел жауап қайтарады.

Осылайша, респонденттердің пікірінше, біздің қоғамымыздың заманауи даму шарттарында қазақстандық жастарда, бірінші кезекте, сапалы білім алуға ұмтылыс – 43,6%, еңбек нарығындағы бәсекеге қабілеттілік – 29,4%, нақты мақсаттарға жетуге ұмтылып, тиімді өмір сүре білу – 29%, өзінің тарихи тамырларын сақтауға ұмтылыс – 27,3% сияқты қасиеттерді дамыту қажет (18-диаграмма.).

18-диаграмма.

«Төменде келтірілген қасиеттердің қайсысын заманауи қазақстандық жастарда бірінші кезекте дамыту қажет?» сұрағына жауаптардың үлестірімі (%-да, екі жауап нұсқасынан көп емес)



7 БӨЛІМ САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫ

Салауатты өмір салты – халық денсаулығын қалпына келтіруді, сақтауды және жақсартуды қамтамасыз ете алатын жалғыз өмір салты. Сондықтан осы өмір салтын халықта қалыптастыру – мемлекеттік маңызы бар басты әлеуметтік міндет.

Жастардың салауатты өмір салты сұрақтары соңғы кезде айрықша өзектілікке ие.

Салауатты өмір салтының элементтері дұрыс тамақтану режимін сақтау, спорт орталықтарына тұрақты бару, дене шынықтырумен жүйелі айналысу болып табылады.

Сауалнама нәтижелері көрсеткендей, жастардың көпшілігі қандай да бір дәрежеде дұрыс тамақтану режимін сақтайды, «әдетте иә, бірақ кей кездері болмай қалады» – 38,5% мен «иә» – 24,4% жауаптарының қосындысы 62,9%. Сұралғандардың 1/3-не жуығы «кейде» және «ешқашан» нұсқаларымен жауап берген (19-диаграмма).

19-диаграмма.

«Сіз тамақтанудың дұрыс режимін ұстанасыз ба?» сұрағына жауаптардың үлестірімі (%-да, бір жауап нұсқасы)



Өкінішке орай, сұралған жастардың көпшілігі спорттық мекемелерге бармайды – бұл 28,3% немесе жалпы санның 1/3-і. Дегенмен 20,2% спортпен белсенді айналысады – «аптасына екі немесе одан да көп рет» спортклубтарына барады. Қалғандары спортпен тұрақты айналыспайды (20-диаграмма).

20-диаграмма.

«Сіз спорт залына, стадион, бассейн және т.б. қаншалықты жиі барасыз?» сұрағына жауаптардың үлестірімі (%-да, бір жауап нұсқасы)



Қазіргі заманғы жастар арасында жаһандану беталысын тарату нәтижесінде агрессивті жүріс-тұрыс жағдайлары, «буллинг» немесе


«моббинг» элементтері – психологиялық немесе физикалық зорлық, әлде ұжымның бір мүшесін ұжымның басқа мүшелерінің немесе оның бір бөлігінің қуғындауы орын алады (әсіресе оқушылар мен студенттер ұжымында кездеседі).

Осы саладағы жағдайды бақылау мақсатында респонденттерге «Сіздің құрдастарыңызды, сыныптастарыңызды, достарыңызды, таныстарыңызды соңғы үш айда ұрып-соғу немесе кемсіту жағдайларына қаншалықты жиі куә болдыңыз?» сұрағы қойылды. Сауалнама көрсеткендей, жастар ортасында агрессивті жүріс-тұрыс жағдайлары бар болғанымен, олар ауық-ауық сипатқа ие болып, кең таралмаған. Респонденттердің басым көпшілігі соңғы 3 айда барлық мүмкін болатын түрдегі агрессивті жүріс-тұрысты кезіктірмегенін мәлімдеді – «ешқашан» жауабы – 73,3%.

16,4%-ы осындай жағымсыз құбылысқа кейде, 2,9%-ы жиі тап болғанын мәлімдеген. (21-диаграмма.).

21-диаграмма.

«Сіздің құрдастарыңызды, сыныптастарыңызды, достарыңызды, таныстарыңызды соңғы үш айда ұрып-соғу немесе кемсіту жағдайларына қаншалықты жиі куә болдыңыз?» сұрағына жауаптардың үлестірімі (%-да, бір жауап нұсқасы)




Зерттеу барысында осы сұрақ бойынша аймақтық айырмашылықтар байқалды. Осылайша, «құрдастар, сыныптастар, достар, таныстарды соңғы үш айда ұрып-соғу немесе кемсіту жағдайларына жиі куә болғандар» Маңғыстау – 8,0%, Жамбыл – 7,3%, Қызылорда – 7,3% облыстарында жоғары көрсеткіштерге ие болды.

«Агрессорлар», яғни кез келген түрдегі зорлық түрін жасайтын адамдар ретінде, респонденттедің куәлік етуі бойынша, әдетте, жағдайлардың жартысында – 50% «құрдастар», 16,8% сыныптастар, 12,1% туыстар орын алады.

Өз бетінше сұраққа жауап берген 14 адам олардың жағдайында агрессивті жүріс-тұрысты таныстары, достары, көршілері мен милиция қызметкерлері бастағанын мәлімдеді (22-диаграмма).

22-диаграмма.

«Сіздің құрдастарыңызға қатысты физикалық немесе басқа да зорлықты кім жасады?» Сұрағына жауаптардың үлестірімі (%-да, бір жауап нұсқасы)



8 БӨЛІМ САЯСИ ҚҰНДЫЛЫҚТАР, ТІЛДІК АХУАЛ

Әдетте, заманауи қазақстандық жастардың саяси көзқарастары мен құндылықтарын сипаттай отыра, зерттеушілер оны ішінара бейсаясаттылық пен азаматтық жетілмегендік ретінде белгілейді.


Бір жағынан, бұл жастардың саяси және азаматтық әлеуметтенуі институттарының қызметі әлсіреген кезде шындыққа жарасқан. Алайда бүгін, мемлекет жастардың рухани және азаматтық даму үрдісіне көп көңіл бөлетін кезде, біз жастардың азаматтық сана-сезімінде өсімді, жастар арасындағы патриоттық сезім мен саясатқа қызығушылықтың артып отырғанын көріп отырмыз.

Жастардың Қазақстанда қалыптасқан қоғамдық қатынастар сипатына, өздері тұрып, өздерін көрсететін ортадағы әлеуметтік даму ерекшеліктеріне байланысты бағасын алу мақсатымен зерттеуде респонденттерге бірқатар сұрақтар қойылды.

Осылайша, респонденттердің көпшілігінің ойынша, олар абсолютті немесе салыстырмалы «әділетті қоғамда» өмір сүреді – «иә» мен «иә шығар» жағымды жауаптардың қосындысы 62,8%-ды құрайды. Дегенмен ондай ойды барлығы дерлік ұстанбайды. Осылайша, қосындысы 33,7%-ды құрайтын респонденттердің 1/3-і заманауи қазақстандық қоғамдағы адалдық қағидасын жүзеге асырудың абсолютті немесе салыстырмалы жағымсыз бағаларын берді. Олардың пікірінше, қазақстандық қоғамдағы адалдық қағидасы жеткілікті түрде жүйелі жүзеге асырылмайды – «жоқ, әділетсізде» және «жоқ шығар» жауаптары – сәйкесінше 10,8% және 22,9% (23-диаграмма).

23-диаграмма.

«Сіздің ойыңызша, Сіз әділетті қоғамда өмір сүресіз бе?» сұрағына жауаптардың үлестірімі (%-да, бір жауап нұсқасы)



Ұлттар тұрғысында, сауалнама нәтижелері көрсеткендей, орыс этникалық топтарының өкілдері қазақстандық қоғамдағы адалдық қағидасын жүзеге асыру бағасына әлдеқайда сыни қарайды. Осылайша, тек 12,4% орыстар «өздерін әділетті қоғамда тұратынын» сезінеді, қазақтар арасында бұл пайыз екі есе артық – 25,6%. Өзге этникалық топтар өкілдерінде – 19,2%.

Аймақтар тұрғысынан алғанда, «иә, әділетті қоғамда» оң жауабының ең жоғары көрсеткіштері Маңғыстау – 49,3% және Түркістан – 45,0% облыстарындағы жастар арасында көрініс тапқан. Максималды көрсеткіштерге қарағанда айтарлықтай айырмашылықпен минималды


көрсеткіштер Астана қ. 3,4%, Шымкент – 7,9% және Алматы облысы – 9,1% жастарына тиесілі.

Қазақстандық қоғамың саяси мәдениетінде дәстүрлі түрде біздің мемлекетіміздің кеңестік кезеңінен бері мемлекет пен азаматтар арасындасы қатынас сипатын анықтауда қамқорлық басымдылыққа ие, ол саяси аренадағы барлық субъектілер арасындағы әлеуметтік серіктестіктің теңқұқықтық қатынастарын құрудың заманауи беталыстарына нұқсан келтіреді.

Сауалнама көрсеткендей, жастар саяси жүріс-тұрыстың бұрынғы қалыптасқан таптаурын қағидаларын ұстанушылар болып қалып отыр, 68,4%-ды құрайтын көпшіліктің пікірінше, «мемлекет қоғам өміріне белсене қатысуы керек» (24-диаграмма).

24-диаграмма.


«Қазақстандық қоғам үшін не маңыздырақ?» сұрағына жауаптардың үлестірімі (%-да, бір жауап нұсқасы)



Сауалнама нәтижелері көрсеткендей, респонденттердің басым көпшілігі Қазақстанда тұратындығын мақтан тұтады – «қатты мақтан тұтамын» және «мақтан тұтпағаннан гөрі мақтан тұтамын» оң жауаптарының қосындысы 84%-ға жетеді, бұл қазақстандық жастардың патриоттық көңіл-күйі мен азаматтық есеюі беталысын дәлелдейді (25-диаграмма).

25-диаграмма.

«Сіз Қазақстанда тұратындығыңызды мақтан тұтасыз ба?» сұрағына жауаптардың үлестірімі (%-да, бір жауап нұсқасы)




Ұлттар тұрғысынан алғанда, сауалнама нәтижелері көрсеткендей, орыс этникалық тобының өкілдері Қазақстанда тұратындықтары қатынасында барынша ұстанымдылықты көрсетеді – «Қатты мақтанамын» жауабы – 31,0%, қазақтар арасында ондайлар саны әлдеқайда жоғары – 56,1%, өзге этникалық топтар өкілдерінің арасында – 42,4%.

Жастардың – «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» бағдарламасының мазмұны мен таныстығы әзірше жеткілікті дәрежеде

жоғары емес. Жастардың көпшілігі бағдарлама мазмұнымен шалашарпы таныс. Дегемен, респонденттердің жартысынан көбі Бағдарламалық құжат мазмұнымен толық немесе ішінара таныс екендігін мәлімдеген – «оқыдым, көрдім, мазмұнын жақсы білемін» және «естуім бар» жауаптарының қосындысы 65%-ға жетеді (26-диаграмма).

26-диаграмма.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасының мазмұнымен таныссыз ба?» сұрағына жауаптардың үлестірімі (%-да, бір жауап нұсқасы)



Ұлттар тұрғысынан қарастырғанда, сауалнама түрлі этникалық топтар өкілдері жастарының хабардар болу деңгейінде айтарлықтай айырмашылықтарды анықтады.


Осылайша, сұралған орыстардың 51,7%-ы мен «өзге» ұлт өкілдерінің 45,9%-ы «Рухани жаңғыру» бағдарламасы туралы «ешқашан естімеген». Қазақтар арасында ондай жастар тек 28,4%-ды құрайды.

«Рухани жаңғыру» қоғамдық сананы жаңғырту бағдарламасының мазмұны туралы өздерінің хабардар болуы туралы оң жауап берген респонденттерді зерттеуде «Болашаққа бағдар: «Рухани жаңғыру» бағдарламасы жайлы қандай көздерден білдіңіз?» сұрағына жауап беруді сұрады. Жастардың маңызы жоғары Бағдарламалық идеологиялық құжаттың мазмұны туралы әлеуметтік-саяси ақпаратты алуының негізгі көздерінің құрылымында БАҚ басымдыққа ие: теледидар – 59,3% және Интернет – «әлеуметтік желілер» мен «Интернет ресурсы» жауаптарының қосындысы 48,6%-ға жетеді (27-диаграмма).

Дерек көздері құрылымында, өкінішке орай, ақпарат алудың газеттер, мектептер, көшедегі жарнама сияқты дәстүрлі арналары мен институттарының рөлі төмендеп, достар, таныстар, әріптестер, курстастар сияқты ресми емес, ақпараттандырудың «желілік» институттарының рөлі өсуде. Мұндай беталыс жастардың әлеуметтену үрдістерін бақылайтын институттары тарапынан тиімділікті арттыру бағыттарына, оңтайлы формаларды іздеуге, халық арасында әлеуметтік-саяси ақпаратты тарату жолдарына жедел әсер етуді талап етеді.

27-диаграмма.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасы жайлы қандай көздерден білдіңіз?» сұрағына жауаптардың үлестірімі (%-да, кез келген жауап саны)



Жастардың кері байланысы мен олардың «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» бағдарламасында баяндалған негізгі идеялардың маңыздылығы мен мәнділігін бағалауын алу мақсатында, респонденттерден құжатта ұсынылған 9 құндылықты бағдар, мақсат пен қазақстандық қоғамның дамуының негізгі бағыттарының өзектілігін бағалау сұралған.

Нәтижелер көрсеткендей, жастар құжаттың басты бағдарламалық қағидаларында құрастырылған барлық басты идеялар, құндылықты ұстанымдар мен даму бағыттарының маңыздылығы мен мәнділігін жоғары бағалайды.

Дегенмен респонденттерге, олардың бағалауы бойынша барынша өзекті және маңызды болып «халық арасында компьютерлік сауаттылықтың артуы арқасындағы қазақстандықтардың бәсекеге қабілеттілігін арттыру, тілдерді білу» – 37,4%, «дұрыс, қарапайым өмір салтын ұстану; қаражат бойынша, ысырапшылдықсыз өмір сүру» – 25,2%, «ұлттық мәдениет, тарихты сақтау» – 23,6%, «білім культы; табысқа тек жоғары білімді адамдар ғана жете алады» – 21,4%, «қазақстандық қоғамды бірге дамыту, жаңа технологиялар мен ұлттық идеялар» – 18,2%, «өзгерістерге дайын болу, пайдалы тәжірибені қабылдап алу және басқалардан үйрену» – 16,0% сияқты Бағдарлама қағидалары табылады. (28-диаграмма.).

Өкінішке орай, Бағдарламада ұсынылған идеялар мен құндылықты ұстанымдардан жастар үшін әзірше мейлінше өзекті болып «қазақ тілінің латын әліпбиіне сатылы көшуі» – 10,8%, «кіші отанға, яғни өз қаласы, ауылына махаббатты бойына сіндіру» – 7,7% және «әлемде қазақстандық мәдениетті тарату» – 3,6% сияқтылары табылады.

Бәлкім, бұл жастардың Бағдарламаның Қазақстан дамуы үшін басқаларға қарағанда мейлінше маңызды болып табылатын осы бағыттары туралы хабардар болу деңгейінің төмендігімен түсіндіріледі.

28-диаграмма.

«Рухани жаңғыру» Бағдарламасында ұсынылған тақырыптар мен идеялардың қайсысы барынша өзекті және Сіз үшін әсіресе маңызға ие?» сұрағына жауаптардың үлестірімі (%-да, екі жауап нұсқасынан көп емес)



Жастардың «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыруға тікелей қатысуын зерделеу мақсатымен, респонденттерге «Рухани жаңғыру» Бағдарламасының қандай бағыттары туралы Сіз естідіңіз, білесіз немесе қатысушы болып табыласыз?» сұрағына жауап беру ұсынылды.

Алдын ала белгілі болғандай, сауалнама респонденттердің «Рухани Жаңғыру» бағдарламасының түрлі бағыттарын жүзеге асыруға қатысуы мен хабардар болу деңгейінің әртүрлі екендігін көрсетті.

Бұл көрсеткіш бойынша максималды нәтижелер «Қазақ тілінің латын графикасына сатылы өтуі» сияқты қоғамдық сананы жаңғырту Бағдарламасының бағытында байқалады – «естуім бар», «жақсы білемін, қатысқан жоқпын» және «білемін, қатыстым» жауаптары – сәйкесінше 59,9%, 30,8% және 6,2% (29-диаграмма).

«Қазақстанның қасиетті географиясы» сияқты Бағдарламаның бағытын жүзеге асыруға респонденттер мейлінше тартылған және хабардар емес – 29,5%.

29-диаграмма.

«Рухани жаңғыру» Бағдарламасының қандай бағыттары туралы Сіз естідіңіз, білесіз немесе қатысушы болып табыласыз?» сұрағына жауаптардың үлестірімі (%-да, нәтижелер «Білемін, қатыстым» жауаптары бойынша сараланған)




Біздің мемлекет соңғы кездері жастардың әлеуметтену институттарының реформаландыруына ғана көп көңіл бөліп қоймай, жастардың белгілі бір әлеуметтік-экономикалық мәселелерін жедел анықтауға және шешуге септеседі. Осы бағыттағы мемлекет жұмысының тиімділігін арттыру мақсатында, респонденттерден «Қазіргі таңда жастар үшін республикалық деңгейде қандай жобалар қажет?» сұрағына жауап беру сұралды.

Жастардың пікірінше, мемлекет барынша өзекті өмірлік мәселелерді шешуде оларға септесіп, әлеуметтік әлсіз жастарды қолдап, жастар ортасында жағымсыз құбылыстар мен зиянды әдеттердің таралуын алдын алуға шараларды бағыттап қана қоймай, олардың жеке даму мен өсуіне септесу қажет.

Осылайша, жастардың пікірінше, мемлекет бірінші кезекте олардың «жұмыспен қамтылуына» – 57,6%, «қиын өмірлік жағдайға тап болған жастарды еңбектік және әлеуметтік бейімдеу бойынша жобалар» – 32,7%, «құқық бұзушылық, өзіне-өзі қол жұмсаудың алдын алу, маскүнемдік, темекі шегу мен нашақорлыққа қарсы күрес бойынша жобалар» – 28,2%, «талантты жастарды қолдау бойынша жобалар» – 27,9% және «діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу бойынша жобалар» – 20,7% көмек беру бойынша жобаларды құрастырып, жүзеге асыруға күш-жігерін салу керек (30-диаграмма).

30-диаграмма.

«Сіздің ойыңызша, қазіргі таңда жастар үшін республикалық деңгейде қандай жобалар қажет?» сұрағына жауаптардың үлестірімі (%-да, екі жауаптан артық емес)



Заманауи жастардың дүниетанымдық ерекшеліктерін зерделеу үшін респонденттерге Қоғамдық сананы жаңғырту бағдарламасының «Туған жер» сияқты орталық түсінігінің жеке олар үшін не білдіретінін нақтылау ұсынылған.

Сауалнама көрсеткендей, жастардың дүниетанымдық құрылымында «Туған жер» түсінігі әзірге азаматтық сәйкестіктің орталық құрылымдық компонентімен ассоциацияланады – қазақстандықтардың азаматтығы бірлігінің орны – Қазақстан атты мемлекеттік бірлестікке тиістілік. 52,6% сұралғандар осындай пікірде. Респонденттердің 32,1%-ы «Туған жер» түсінігін өздерінің туылған жерлері, «қала, ауылмен» байланыстыруға бейім (31-диаграмма.).

Тағы 7,8% респондент «Туған жер» түсінігі тұрып жатқан «қала, ауылмен» байланысты деп есептейді.

31-диаграмма.

«Сіз үшін «Туған жер» түсінігі не білдіреді?» сұрағына жауаптардың үлестірімі (%-да, бір жауап нұсқасы)



Президент Н.Ә. Назарбаевтің жоспары бойынша, «Туған жер» қоғамдық санасын модернизациялау бағыты, ең алдымен, жастардың

кіші Отанына деген сүйіспеншілігін белсендіру арқылы патриоттықты қалыптастыруға бағытталуы керек. Осы ауқымды жоспарды іске асыру көп өлшемді болуы керек, ол үшін, өз кезегінде, осы Бағдарламаның «Тәрбие және білім», «Атамекен», «Рухани Қазына», «Ақпарат толқыны» сияқты жобалардан тұратын жеке бағыттары егжей-тегжейлі әзірленген.

Сауалнамаға қатысқан респонденттерден «Туған жер» бағдарламасының әрбір жобасының өзектілігін бағалау сұралды.

Сауалнама көрсеткендей, жастардың түсінігінде барынша уақытылы нәтиже болып «Туған жер» бағдарламасының «Тәрбие және білім» жобасы қазақстандық патриоттық рухында тұлғаны жан-жақты және үйлесімді тәрбиелеу – 36,4%, екінші орында «Атамекен» – қазақстандықтарда азаматтық белсенділік пен кіші отан тағдыры үшін жауапкершілік сезімін нығайту» – 27,9%, үшіншіде – «Рухани Қазына» – туған өлке салттарына, тарихы мен мәдениетіне қызығушылық пен құрметті жаңғырту» – 15,1%. табылады.

Жастар үшін мейлінше қызықты «Ақпарат толқыны» – Бағдарламаны жүзеге асыру туралы халықты ақпараттандыру» бағыты болып шықты – 9,6%, ол негізінен жастарға емес, Бағдарламаны ұйымдастырушылар мен жүзеге асырушыларға арналған (32-диаграмма).

32-диаграмма.

«Бағдарламаның «Туған жер» бағыттарының қайсысын Сіз өзекті деп санайсыз?» сұрағына жауаптардың үлестірімі (%-да, один ответ)



Республика Президенті Н.Ә. Назарбаев қалыптастырған Қазақстанды зайырлы мемлекет ретінде дамытудың жаңа міндеттері мен мақсаттарының маңыздылығы мен уақытылығын жастар сауалнамасының нәтижелері дәлелдейді.

Әсіресе, сұралғандардың пікірінше, «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» Президенттің Қазақстан Халқына Жолдауында жарияланған есептердің шешімі Қазақстанның заманауи даму сатысы үшін маңызды және өзекті.

Дегенмен, жастардың пікірінше, «ғылым мен білімді дамыту» – 39,5%, «өндіріске жаңа технологияларды ендіру» – 38,3%, «ақылды технологияларды» агроөнеркәсіптік кешенді дамытуда қолдану» – 27,0%, «жемқорлықпен күрес пен заңның үстемдік құруы» – 26,8%, «ресурстық әлеуетті дамыту (табиғи ресурстарды басқару, энергия сақтау мен экологиялық)» – 25,9% сияқты мәселелерді шешу одан да маңызды болып табылады (33-диаграмма).

Алайда «тиімді мемлекеттік басқару», «қаржы секторының беріктігін арттыру (соның ішінде банктер мен несиелер)», «құрылыс пен коммуналдық секторларға заманауи технологияларды ендіру», «транспорттық-логистикалық инфрақұрылымның тиімділігін арттыру», «қалалық инфрақұрылымды дамыту (смарт сити)» сияқты мәселелерді шешудің маңыздылығының жастар үшін өзектілігі мен қызықтығы төмен, бәлкім, бұл жастық ерекшелігіне байланысты алдағы өзгерістердің ауқымын бағалау мүмкіндігі болмауынан туынлауы мүмкін (33-диаграмма.).

33-диаграмма.

«Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» Президенттің Қазақстан Халқына Жолдауында жарияланған қандай есептердің шешімі Сіздің пікіріңізіше маңызды?» сұрағына жауаптардың үлестірімі, (%-да, үш жауап нұсқасынан артық емес)



Қазақстанды жаңғырту Бағдарламасының басты бағыты «Сандық Қазақстан» бағдарламасы аясында жүзеге асырылатын сандық технологияларды қолдану арқасында экономика дамуының қарқынын

жылдамдату, оны сандандыру мен халық өмірінің сапасының жақсарту болып табылады.

Респонденттерден «Сандық Қазақстан» бағдарламасын жүзеге асыру туралы шешімді қабылдаудың маңызы мен уақыттылығын бағалау сұралды.

Жастар өкілдерінің көпшілігінің пікірінше, Бағдарламаны жүзеге асыру туралы шешім қабылдау заманға сай және уақытылы – «оны қазір жүзеге асыру маңызды, заман талабына сай болу керек» жауабы – 42,0% (34-диаграмма).

Жастардың 34,0%-ы ғана «Бағдарлама маңызды, бірақ оғанға дейін басқа мәселелерді шешу қажет» деп санайды. Сұралғандардың 16,5%-ына жуығы ғана «мен бұны дәл қазір маңызды деп санамаймын, себебі одан да маңызды мәселелер көп» және «мен бұны Қазақстан үшін маңызды деп санамаймын» жауаптарымен осы бағдарламаны жүзеге асыра бастауды теріс бағалады.

34-диаграмма.

«2017 жылы сандық технологияларды қолдану арқасында экономика дамуының қарқынын жылдамдату, оны сандандыру мен халық өмірінің сапасын жақсарту мақсатында «Сандық Қазақстан» бағдарламасы бекітілді. Сіздің көзқарасыңыз бойынша, бұл бағдарлама қашалықты уақытылы болып табылады?» сұрағына жауаптардың үлестірімі (%-да, бір жауап нұсқасы)



«Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асырудың басты бағыты түрлі ғылыми пәндер бойынша 100 жетекші әлемдік оқулықтарды аудару туралы бастама болып табылады. Зерттеуде респонденттерден Қазақстанды жаңғырту мәселелерін шешу үшін осы бағыттың маңыздылығын бағалау сұралды.

Респонденттердің жартысынан көбі, қосындыда 76% оң бағаларын беріп, бұл бағыттағы осы бастама мен жұмысты маңызды және уақытылы деп бағалады, олардың ішінен қазақ тілін білетін жастардың бөлігі – 52,1%, қазақ тілін білмесе де, «басқалар үшін» осы жұмысты қолдайтындар – 14,9% (35-диаграмма).

Дегенмен 21,8% қазақ тілін білетіндіктеріне қарамастан, жетекші әлемдік оқулықтарды қазақ тіліне аудару олар үшін «маңызды емес»

екендігін мәлімдеді, олардың ойын қазақ тілін білмейтін 4,7% да бөліседі.

35-диаграмма.

«Рухани Жаңғыру» бағдарламасының аясында түрлі пәндер бойынша қазақ тіліне 100 жетекші әлемдік оқулық аударылды. Заманауи Қазақстан үшін бұл қаншалықты маңызды деп ойлайсыз?» сұрағына жауаптардың үлестірімі (%-да, бір жауап нұсқасы)



Ұлттар тұрғысынан қарастырғанда, сауалнама 100 түрлі пәндер бойынша жетекші әлемдік оқулықтарды қазақ тіліне аудару жобасын жүзеге асыру маңыздылығын бағалау қатынасында біршама айырмашылықтарды анықтады.

Осылайша, сұралған орыстардың 1/4-і – 17,2% және өзге этникалық топтардың өкілдерінің 1/10-і бөлігі – 9,3% «қазақ тілін білмейтінін және бұны маңызды деп санамайтынын» мәлімдеген.

Дегенмен осы бастаманы жүзеге асыру маңыздылығын жете бағаламайтындар қазақтар арасында да көп, олар 1/5 бөлігі құрайды, 24,3% «қазақ тілін білемін, бірақ мен үшін бұл маңызды емес» деп жауап берген.

Респонденттерден «Сіздің көзқарасыңыз бойынша, ұлттың бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін жастарда қандай білім мен дағдыларды дамыту қажет?» сұрағына жауап беру сұралды. Нәтижелер көрсеткендей, қазіргі таңда шет тілдерін білу айтарлықтай артықшылық береді – 61,2%, екінші орында компьютерлік сауаттылық – 34,8%, үшінші орында жаңа технологияларды білу – 34,3%, төртінші – кәсіби дағдылар – 31,0%.

Алайда, зерттеу нәтижелері көрсеткендей, жастардың көпшілігі «Менеджер қабілеттері мен жобаларды басқару», «Уақытты басқару, жоспарлау», «Тіл табу дағдылары мен көпшілік алдында сөйлей алу» сияқты нарықтық қатынастарда бәсекеге қабілеттіліктің маңызды сипаттамаларын жете бағаламайды, олар сұралғандардың 10%-нан кемі үшін ғана маңызды болып табылады (36-диаграмма.).

36-диаграмма.

«Сіздің көзқарасыңыз бойынша, ұлттың бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін жастарда қандай білім мен дағдыларды дамыту қажет?» сұрағына жауаптардың үлестірімі (%-да, үш жауап нұсқасынан артық емес)




Қазақстандық жастардың пікірінше, біздің мемлекет халықаралық дәрежеде танымал болуы үшін кез келген мүмкіндіктер мен құралдарды пайдалану қажет, бірақ олардың ойынша барынша тиімді және маңыздылары, бірінші кезекте, жеке даму мен өзін-өзі көрсету болып табылады, «өз ісінің маманы болу», «ғылымды дамыту» мен «шетелдік тағылымдама бағдарламаларына қатысу» жауаптары – сәйкесінше 57,4%, 52,1% және 25,6%.

«Көбіне отандық тауарларды сатып алу», «спорттың ұлттық түрлерімен айналысу» сияқты біздің елді шетелде танытудың басқа тәселдерінің рөлі мен мәні жоққа шығарылмайды (37-диаграмма.).

37-диаграмма.

«Сіздің көзқарасыңыз бойынша, ұлттың бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін жастарда қандай білім мен дағдыларды дамыту қажет?» сұрағына жауаптардың үлестірімі (%-да, үш жауап нұсқасынан артық емес)



9 БӨЛІМ НЕГІЗГІ ҚОРЫТЫНДЫЛАР

Сауалнама көрсеткендей, зерттеудің негізгі қатысушылары – жастар құндылықтық бағдарлардың белгілі бір құрылымының иегерлері болып табылады. Құндылықты бағдарлар мен олардың заманауи жастардың иерархиясындағы сәйкестігіне мазмұнды және құрылымды талдау жасау Қазақстандағы жастардың мүліктік және дүниетанымдық аспектілерде біртекті еместігі жайлы қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Біз жастардың дүниетанымдық және стильдік өзгерістері үрдісін, олардың қоғам мен өздерінің сұраныстарына, сонымен қатар олардың табыс пен оған жету жолдары туралы түсінігіне, өмірдің түрлі салаларындағы нормалар мен ауытқуларға жауап беретін бөлек өмір салттары мен стильдерін іздеуін бақылап жатырмыз.

Қазақстанда жас адамдардың құндылықтық бағдарларының құрылымының аралас моделі қалыптасып жатыр, мұнда жас адамның дүниетанымы Батыс модернизацияланған қоғамдардың өмір сүру/өзін-өзі көрсету сипаттамаларын, сондай-ақ азиялық және дәстүрлі қоғамдарға тән дәстүрлі/зайырлы-рационалды құндылықтарды біріктіре алады.

Сауалнамаға қатысқан жастардың көпшілігі оң көзқарасқа ие және өздерінің өмірін оң бағалайды. Титулдық ұлт өкілдері болып табылатын Оңтүстік және Батыс өңірлерінің тұрғындары оптимистік көзқарасқа ие.

Алайда, сауалнама жастардың құндылықтық бағдарларының құрылымында қайшылықтар мен қоғамға пайдалы, әлеуметтік маңызы барлардан индивидттік-тұлғалық өмірдегі басымдықтарға өтуді алаңдататын белгілері бар екенін көрсетті.

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, өмірлік маңызды немесе жантәсілімдік деп аталатын құндылықтардың бірінші үштігіне, жастардың басым көпшілігінде басқа ұстанымдардан үлкен айырмашылықпен, бірінші кезекте, отбасы, денсаулық, махаббат кірді. Бұл дәстүрлі жеке құндылықтар заманауилықтан постмодернизацияға өту сатысында тұрған тұрақты дамып жатқан, дәулетті қоғам үшін сипатты болып табылады.

Материалды қамтылған өмір, қызықты жұмыс, мамандық, мансап сияқты капитализм мен өзін-өзі дамытудың құндылықтары жастардың, әсіресе, Қазақстанның Оңтүстік пен Батыс аймақтарының тұрғындары арасында дүниетанымдық құрылымдарында әзірше маңыздылық бойынша төмен орынға ие.

Әлеуметтік құндылықтар кең таралмаған. Бұл жастардың бір бөлігінің әлеуметтенбегендігі мен енжарлығының сипатын көрсетеді.

Сұралған респонденттердің 10%-нан аспайтын бөлігі табысқа жету, жақсы білім алу, мансаптағы жетістіктер сияқты әлеуметтік абыройдың маңызды көрсеткіштеріне ұмтылады. Жастар өмірлік табыс деген не екенін нақты түсінеді, бірақ оны «бизнес» пен «материалдық жағдай» сияқты санаттармен тікелей байланыстырмайды.

Жастардың дүниетанымдық құрылымындағы еңбектің құндылықты бағдар ретіндегі рөлін талдау сұралғандардың көпшілігі үшін еңбек құндылығының міндетті екендігін көрсетеді, бірақ жастардың 1/3-і еңбекке

бағдары нашар ынталандырылған. Әсіресе бұл көрсеткіш Астана қ. жас тұрғындары арасында төмен бағаланған.

Бұрынғыдай көпшілік жастар үшін мамандық таңдаудың басты белгілері жоғары жалақы мен тұрақты табыс болып қалып отыр. Жұмыс сипаты мен кәсіби даму мүмкіндіктері сияқты көрсеткіштер жастар үшін мамандық таңдау барысында мейлінше басым болып, шешуші рөл атқармайды.

Жастардың отбасылық-тұрмыстық және некелік өмір қатынасында қандай да бір жағымсыз беталыстар байқалған жоқ.

Отбасылық қатынастарда жастар бұрынғыдай дәстүрлі отбасылық құндылықтар мен жүріс-тұрыс нормаларынан айнымайды, Батыс пен Оңтүстік аймақтардың тұрғындары консервативті көзқарасқа ие және қоғам ойы мен әлеуметтік бақылау жүйесіне қарайды, Орталық және Солтүстік аймақтардың тұрғындары көбіне өз бағалаулары мен жүріс-тұрыстарында либералды.

Сауалнама көрсеткендей, жастар ортасында ерлер мен әйелдердің арасындағы әлеуметтік теңсіздік туралы дәстүрлі гендерлік стереотиптер туралы ойлар кең таралмайды және қоғамдық өмірдің негізіне гендерлік бейтараптық көзқарас басым.

Жастар үшін бірлескен отбасылық демалыстың ең таралған типтік формалары – достар мен таныстарға бару және үйде қонақтарды қабылдау. Респонденттер өз отбасымен сирек (кему тәртібімен) спортпен шұғылданады, концерттерге барады, табиғатқа шығады.

Көптеген жастар қалалық өмір салтын жүргізуге ұмтылады және көпұлтты және көпконфессиялы әлеуметтік ортада өмір сүруге толерантты.

Сауалнамаға қатысқан жастардың басым көпшілігі толеранттылықтың жоғары деңгейімен және этникалық пен конфессиялық белгілер бойынша әлеуметтік қашықтықтың болмауымен сипатталады.

Біздің зерттеудің нәтижелері бойынша жастарда «көршілестік» жақын тұру белгісі бойынша минималды әлеуметтік қашықтық «АХАЖ-да некені ресми тіркеусіз бірге тұрып жатқандар», «басқа этникалық топ (ұлт) адамдары», «басқа дін (сенім) адамдары», «оралмандар» сияқты топ өкілдеріне қатысты белгіленген.

Бұл белгі бойынша барынша әлеуметтік қашықтық жастар арасында және бірінші кезекте, «дәстүрлі емес сексуалды бағдары бар адамдар», «Сізге таныс емес тілде сөйлейтін адамдар» және «иммигранттар мен шетелдік жұмыскерлер» сияқты топ өкілдері арасында байқалған.

Нәтижелердің талдауы жастар мен этникалық топтардың әлеуметтік қашықтықтарының аздығын көрсетті, бұл жастар арасындағы толеранттықтың жоғары деңгейіне айғақ болып табылады. Оған қоса, сұралғанның әрбір үшіншісінің өз отбасында өзге ұлт өкілі бар.

Көптеген жастар өздерінің этникалық шығу тегіне қарамастан неке серіктесін таңдау туралы өте демократиялық көзқарастарға ие.

Ұлтаралық некелерге ұлт тұрғысынан қарағанда, қазақтар мейлінше жағымды қараса, аймақтар тұрғысынан – БҚО, Астана қ., Қызылорда мен Ақтөбе облыстарының тұрғындары барынша қарсылық білдіреді.

Сауалнама этникалық дәстүрлерге және діни деңгейге құрметпен қараудағы қазақстандық жастардың өмір салты мен мінез-құлқындағы

аймақтық айырмашылықтарды күшейту үрдісін көрсетті.

Сауалнамаға қатысқан жастардың жалпы құрылымында отбасылары барлық дәстүрлер мен нормаларды қатаң сақтағандар – 44,5%, ал кейбіреулерін ғана ұстанатындар – 40,2%.

Сауалнаманың нәтижесі көрсеткендей, этникалық тұрғыдан қарағанда қазақ ұлтының өкілдері күнделікті тұрмыста өздерінің этникалық топтарының барлық салт-дәстүрлерін ұдайы және дәйекті түрде сақтайды, біршама аз – «басқа» ұлттар өкілдері және ресейліктердің тек 1/5 бөлігі.

Аймақтар тұрғысынан қарағанда, Оңтүстік аймақтары тұрғындарының 60%-дан астамы этникалық топтың барлық салт-дәстүрлерін ұдайы ұстанатындарын айтады, ал Солтүстік және Орталық аймақ тұрғындары арасында олардың тек 1/10 бөлігі ғана сондай болып шыққан.

Зерттеу қорытындысы бойынша сауалнамаға қатысқан жастардың 16%-ын белсенді сенушілер қатарына жатқызуға болады. Ұлттардың тұрғысынан діншілдік деңгейі ресейліктерге қарағанда қазақ ұлтының жастарында екі есе жоғары, бірақ басқа ұлт өкілдерінен гөрі төмен.

Аймақтар бойынша Батыс аймағындағы жастардың діншілдіктерінің деңгейі жоғары, шамамен 1/3, ал Оңтүстік өңірде – 1/5. Ең төменгі көрсеткіштер Орталық және Солтүстік өңірлердегі жастар арасында, шамамен 2%-ды құрайды.

Сауалнама жастардың бос уақытын өткізу практикаларының айтарлықтай стильдік айырмашылығын көрсетті.

Сауалнама көрсеткендей, жастардың бос уақытты өткізу құрылымында бос уақыт өткізудің барлық мүмкін болатын түрлері орын алады – би және спорттық клубтарға барудан бастап, мешіт пен шіркеу сияқты діни мекемелерге баруға дейін.

Дегенмен мәдениет, бос уақыт өткізу және діни орталықтарға жастардың бару жиілігі біркелкі емес, және зерттеу нәтижелері көрсеткендей, жастар театр мен концерттерге жылына 1-2 реттен артық емес, кинотеатрларға жылына 3-6 рет барады. Көбіне жастар бос уақытын кафе, бар, мейрамханаларда айына бір реттен аптасына бір ретке дейін өткізеді. Бәрінен жиі – аптасына бір реттен артық жастар тек спорт залдарына барады.

Интернетті пайдалану жастардың күнделікті өмірінде берік орнықты – респонденттердің басым көпшілігі оны жүйелі түрде пайдаланады және қолдану жиілігі тәулігіне бірнеше реттен күнде, тәулігіне бір рет мәндері арасында өзгереді.

Жастар арасындағы барынша танымал әлеуметтік желілер үштігіне – WhatsApp, Instagram, «В Контакте» кіреді. Әдетте, жастар Интернеттегі әлеуметтік желілерде бірнеше аккаунтқа ие болып, оларды қатарынан қолданады.

Егер жастардың әлеуметтік желілері мен Интернетті пайдалануы өсіп келе жатса, онда оқуға арналған кітаптар зияткерлік бос уақыттың нысандарының бірі ретінде жиірек кездеседі – респонденттердің тек 1/3 бөлігі қазіргі кезде кейбір әдебиеттерді оқып жатыр деп жауап берді.

Сұралғандардың 79,0%-ы көбінесе орыс тіліндегі көркем әдебиетті оқитынын мәлімдеді. Сұралғандардың жартысынан көбі – 58,4%-ы қазақ

тілінде оқыса, 14,6%-ы ағылшын тілінде оқиды, бұл жастар арасындағы көптілділік пен үштілділіктің барынша таралып бара жатқандығын растайды.

Зерттеуде жастардың жеке, отбасы-некелік және жыныстық, қоғамдық өмір стандарттарындағы қандай да бір ауытқушылықтарды қабылдау дәрежесі анықталды. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, отбасы-некелік және жыныстық салаларда азды-көпті мүмкін болатын ауытқулар қатарына (кему реті бойынша) «бірге тұру», «ер адам үшін некеге дейін жыныстық қатынастар» – және «әйел адам үшін некеге дейін жыныстық қатынастар» жауаптарын жатқызады. Айта кететіні, жастар пікірінше, «некеге дейінгі сексуалды қатынастар» әйелдерге қарағанда ерлер үшін көбірек кешірімді – қабылдау мен мақұлдаудағы айырмашылық 4,6%-дан артық. Жастар көзқарасы бойынша, мейлінше қабылданатын және мүмкін емес жүріс-тұрыстағы ауытқуларға (кему реті бойынша) «өзіне-өзі қол жұмсау», «ер адам өз әйеліне/қызына қол көтеретін жағдай», «пара беру», «балаларға қатысты физикалық жаза қолдану» жауаптары жатады.

Кейде жағымсыз бағаларға ие болатын мүмкін болатын жүріс-тұрыс түрлеріне жататын «түсік тастау», «ажырасу» мен «гомосексуалды қатынастар» аралық орындарға жайғасқан, жастар оларға бейтарап болып келеді.

Сауалнама көрсеткендей, жастар заманауи қоғамның сыртқы және ішкі сын-тегеуріндеріне сезімтал, ол өз заманының тұрақты өзгеретін талаптарына жедел жауап қайтарады.

Осылайша, респонденттердің пікірінше, біздің қоғамымыздың заманауи даму шарттарында қазақстандық жастарда, бірінші кезекте, сапалы білім алуға ұмтылыс, еңбек нарығындағы бәсекеге қабілеттілік, нақты мақсаттарға жетуге ұмтылып, тиімді өмір сүре білу, өзінің тарихи тамырларын сақтауға ұмтылыс сияқты қасиеттерді дамыту қажет

Жастардың көпшілігі өздерінің денсаулығының құндылығын және оның сақталуына жауапкершілікті сезінеді және дұрыс тамақтану режимін ұстанады. Алайда респонденттердің 1/3 бөлігі сирек немесе ешқашан ұстанбайды. Өкінішке орай, сауалнамаға қатысқан жастардың көпшілігі спорттық мекемелерге бармайды.

Сауалнама көрсеткендей, жастар ортасында агрессивті жүріс-тұрыс жағдайлары бар болғанымен, олар ауық-ауық сипатқа ие болып, кең таралмаған. Респонденттердің басым көпшілігі соңғы 3 айда барлық мүмкін болатын түрдегі агрессивті жүріс-тұрысты кезіктірмегенін мәлімдеді.

Зерттеу барысында осы сұрақ бойынша аймақтық айырмашылықтар байқалды. Осылайша, «кұрдастар, сыныптастар, достар, таныстарды соңғы үш айда ұрып-соғу немесе кемсіту жағдайларына жиі куә болғандар» Маңғыстау, Жамбыл, Қызылорда облыстарында жоғары көрсеткіштерге ие болды.

«Агрессорлар», яғни кез келген түрдегі зорлық түрін жасайтын адамдар ретінде, респонденттең куәлік етуі бойынша, әдетте, жағдайлардың жартысында (кему реті бойынша) «кұрдастар», сыныптастар, туыстар, мұғалімдер орын алады.

Өз бетінше сұраққа жауап берген 14 адам олардың жағдайында агрессивті жүріс-тұрысты таныстары, достары, көршілері мен милиция қызметкерлері бастағанын мәлімдеді.

Сауалнама жастардың рухани және азаматтық өзін-өзі тануының, патриоттықты және саясатқа қызығушылықтың өсуі туралы болжамдарды растайды.

Көптеген жастар біздің қоғамға оң баға береді – олар «әділ қоғамда» өмір сүреді деп санайды. Респонденттердің тек 1/3 бөлігі қазақстандық қоғамда әділеттілік қағидасын іске асырудың абсолютті немесе салыстырмалы теріс бағасын берді, бұл көбіне орыстар, Астана қ. мен Солтүстік өңір тұрғындары.

Жастар бұрынғыша саяси мінез-құлықтың ескі стереотиптерінің тасымалдаушылары болып саналады, мемлекет көпшілігінің пікірінше, қоғамда белсенділік танытуы керек.

Респонденттердің басым көпшілігі қазақстандықтардың, әсіресе, қазақтар мен елдің Батыс және Оңтүстік өңірлерінің тұрғындары арасында патриоттық көңіл-күйдің тұрақты өсу тенденциясын және қазақстандық жастардың азаматтық жетілуін нығайтатындығын растайды.

Жастардың «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» атты қоғамдық сананы жаңғырту бағдарламасының мазмұнымен танысу деңгейі әлі де жеткіліксіз дәрежеде. Әлі күнге дейін көптеген жастар бағдарламаның мазмұнын шалашарпы біледі. Сонымен бірге респонденттердің жартысынан көбі Бағдарлама құжатының мазмұнымен толығымен немесе ішінара таныс екендіктерін сеніммен мәлімдеді.

Жастардың маңызы жоғары Бағдарламалық идеологиялық құжаттың мазмұны туралы әлеуметтік-саяси ақпаратты алуының негізгі көздерінің құрылымында БАҚ басымдыққа ие: теледидар және Интернет.

Дерек көздері құрылымында, өкінішке орай, ақпарат алудың газеттер, мектептер, көшедегі жарнама сияқты дәстүрлі арналары мен институттарының рөлі төмендеп, достар, таныстар, әріптестер, курстастар сияқты ресми емес, ақпараттандырудың «желілік» институттарының рөлі өсуде.

Жастар құжаттың басты бағдарламалық қағидаларында құрастырылған барлық басты идеялар, құндылықты ұстанымдар мен даму бағыттарының маңыздылығы мен мәнділігін жоғары бағалайды.

Дегенмен респонденттерге, олардың бағалауы бойынша, барынша өзекті және маңызды болып «халық арасында компьютерлік сауаттылықтың артуы арқасындағы қазақстандықтардың бәсекеге қабілеттілігін арттыру, тілдерді білу», «дұрыс, қарапайым өмір салтын ұстану; қаражат бойынша, ысырапшылдықсыз өмір сүру», «ұлттық мәдениет, тарихты сақтау», «білім культы; табысқа тек жоғары білімді адамдар ғана жете алады», «қазақстандық қоғамды бірге дамыту, жаңа технологиялар мен ұлттық идеялар», «өзгерістерге дайын болу, пайдалы тәжірибені қабылдап алу және басқалардан үйрену» сияқты Бағдарлама қағидалары табылады.

Өкінішке орай, Бағдарламада ұсынылған идеялар мен құндылықты ұстанымдардан жастар үшін әзірше мейлінше өзекті болып «қазақ тілінің латын әліпбиіне сатылы көшуі», «кіші отанға, яғни өз қаласы, ауылына

махаббатты бойына сіндіру» және «әлемде қазақстандық мәдениетті тарату» сияқтылары табылады.

Бәлкім, бұл жастардың Бағдарламаның Қазақстан дамуы үшін басқаралардан қарағанда мейлінше маңызды болып табылатын осы бағыттары туралы хабардар болу деңгейінің төмендігімен түсіндіріледі.

Осылайша, жастардың пікірінше, мемлекет бірінші кезекте олардың «жұмыспен қамтылуына», «қиын өмірлік жағдайға тап болған жастарды еңбектік және әлеуметтік бейімдеу бойынша жобалар», «күқық бұзушылық, өзіне-өзі қол жұмсаудың алдын алу, маскүнемдік, темекі шегу мен нашақорлыққа қарсы күрес бойынша жобалар», «талантты жастарды қолдау бойынша жобалар» және «діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу бойынша жобалар» көмек беру бойынша жобаларды құрастырып, жүзеге асыруға күш-жігерін салу керек

Сауалнама респонденттердің «Рухани Жаңғыру» бағдарламасының түрлі бағыттарын жүзеге асыруға қатысуы мен хабардар болу деңгейінің әртүрлі екендігін көрсетті.

Бұл көрсеткіш бойынша максималды нәтижелер «Қазақ тілінің латын графикасына сатылы өтуі» сияқты қоғамдық сананы жаңғырту Бағдарлама бағытында байқалады.

Қазақстанның қасиетті географиясы» сияқты Бағдарламаның бағытын жүзеге асыруға респонденттер мейлінше тартылған және хабардар емес.

Жастардың дүниетанымдық құрылымында «Туған жер» түсінігі әзірге азаматтық сәйкестіктің орталық құрылымдық компонентімен ассоциацияланады – қазақстандықтардың азаматтығы бірлігінің орны – Қазақстан атты мемлекеттік бірлестік тиістілік

Жастардың түсінігінде барынша уақытылы нәтиже болып «Туған жер» бағдарламасының «Тәрбие және білім» жобасы қазақстандық патриоттық рухында тұлғаны жан-жақты және үйлесімді тәрбиелеу, екінші орында «Атамекен» – қазақстандықтарда азаматтық белсенділік пен кіші отан тағдыры үшін жауапкершілік сезімін нығайту», үшіншіде – «Рухани Қазына» – туған өлке салттарына, тарихы мен мәдениетіне қызығушылық пен құрметті жаңғырту» табылады.

Жастар үшін мейлінше қызықты «Ақпарат толқыны» бағыты болып шықты.

Сұралғандардың пікірінше, «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» Президенттің Қазақстан Халқына Жолдауында жарияланған есептердің шешімі Қазақстанның заманауи даму сатысы үшін маңызды және өзекті.

Дегенмен, жастардың пікірінше, «ғылым мен білімді дамыту», «өндіріске жаңа технологияларды ендіру», «ақылды технологияларды» агроөнеркәсіптік кешенді дамытуда қолдану», «жемқорлықпен күрес мен заңның үстемдік құруы», «ресурстық әлеуетті дамыту (табиғи ресурстарды басқару, энергия сақтау мен экологиялық)» сияқты мәселелерді шешу одан да маңызды болып табылады.

Алайда «тиімді мемлекеттік басқару», «қаржы секторының беріктігін арттыру (соның ішінде банктер мен несиелер)», «құрылыс пен коммуналдық

секторларға заманауи технологияларды ендіру», «транспортты-логистикалық инфрақұрылымның тиімділігін арттыру», «қалалық инфрақұрылымды дамыту (смарт сити)» сияқты мәселелерді шешудің маңыздылығының жастар үшін өзектілігі мен қызықтығы төмен, бәлкім, бұл жастық ерекшелігіне байланысты алдағы өзгерістердің ауқымын бағалау мүмкіндігі жоқтығынан болуы мүмкін.

Өз жауаптарында жастар «Сандық Қазақстан» бағдарламасын жүзеге асыру туралы шешімдерді қабылдау маңыздылығын ерекшелейді.

Респонденттердің жартысынан көбі 100 жетекші әлемдік оқулықтықты аудару бойынша бастамаға оң бағаларын берді, олардың ішінен Бағдарламаны жүзеге асырудың мақсатты тобы болып табылатын қазақ тілін білетін жастар да қолдау көрсетіп, қазақ тілін білмесе де, «басқалар үшін» осы жұмысты мақұлдады.

Жастардың пікірінше, ұлттық бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін қазіргі таңда шет тілдерін білу айтарлықтай артықшылық береді, екінші орында компьютерлік сауаттылық, үшінші орында жаңа технологияларды білу, төртінші – кәсіби дағдылар.

Алайда, зерттеу нәтижелері көрсеткендей, жастардың көпшілігі «менеджер қабілеттері мен жобаларды басқару», «уақытты басқару, жоспарлау», «тіл табу дағдылары мен көпшілік алдында сөйлей алу» сияқты нарықтық қатынастарда бәсекеге қабілеттіліктің маңызды сипаттамаларын жете бағаламайды, олар сұралғандардың 10%-нан кемі үшін ғана маңызды болып табалады.

Біздің мемлекет халықаралық дәрежеде танымал болуы үшін кез келген мүмкіндіктер мен құралдарды пайдалану қажет. Барынша тиімді ретінде жеке даму мен өзін-өзі көрсету аталды, оларға өз ісінің маманы болу, ғылымды дамыту мен шетелдік тағылымдама бағдарламаларына қатысу жатады. Көбіне отандық тауарларды сатып алу, спорттың ұлттық түрлерімен айналысу сияқты біздің елді шетелде танытудың басқа тәселдерінің рөлі мен мәні жоққа шығарылмайды.

Жалпы, Қазақстадағы заманауи жастардың сана-сезімінің қалыптасу үрдісіне тиімді бақылау жасауға мүмкіндік беретін және қоғамдық сана жаңғыруы, заманның тұрақты өсетін талаптарына жауап беретін жастардың әлеуметтену моделінің тиімділігін атап өтуге болады. Ұлттық-этникалық, конфессиялық және аймақтық ерекшеліктерді ескеріп, жастардың құндылықты бағдарларындағы өзгерістерді бақылауды жалғастыру қажет.

ҚОСЫМША

Сауалнамаға арналған анкета

«Жастар» ғылыми-зерттеу орталығы
010008, Қазақстан Республикасы, Астана қ., Тәуелсіздік, 41
Телефон: + 7 /7172/ 27 81 59, email: info@elzhastary.kz

Жоба
№РЖБ_2018/шілде

Сауалнама номері _____ Елді мекен типі 1. Қала 2. Ауыл	Облыс _____ Қала /село _____
---	---------------------------------

Құрметті респондент! Менің есімім _____. Мен «Жастар» ғылыми-зерттеу орталығының (Астана қ.) сұхбат алушысымын. Сізден қазақстандық жастардың құндылықтарын зерттеуге бағытталған әлеуметтік сауалнамаға қатысуды өтінеміз. Сіздің назарыңызға бірқатар сауалдар мен олардың жауаптарының нұсқалары ұсынылған. Осы сұрақтар мен оларға ұсынылатын жауаптар нұсқаларын тыңдап, Сіздің көңіліңізден шығатын жауапты таңдауыңыз керек. Ұсынылған жауаптардың ешбірі Сізді қанағаттандырмайтын болса, «басқа» жолағында өз жауап нұсқаңызды көрсетіңіз.

**Алынған ақпарат тек жалпылама түрде ғана қолданылатын болады
Сіздің пікіріңіздің құпиялығы мен жария болмауына кепілдік береді**

ӨМІРГЕ КӨЗҚАРАС ЖӘНЕ НЕГІЗГІ ӨМІРЛІК ҚҰНДЫЛЫҚТАР

1. Сіз жалпы түрде өзіңіз туралы қандай пікірдесіз ... (БІР ЖАУАП)

1. Бақытты адаммын
2. Бақытсызға қарағанда, неғұрлым бақытты адаммын
3. Бақытты адамға қарағанда, неғұрлым бақытсыз адаммын
4. Бақытсыз адаммын

(99) Жауап беруге қиналамын

2. Сіз үшін өмірде ең құнды нәрсе не? (белгіленетін жауап нұсқаларының саны ҮШ ЖАУАПТАН АРТЫҚ ЕМЕС)

1. Наным, дін
2. Отбасы
3. Көбірек рахат алу мүмкіндігі, ойын-сауық
4. Билік
5. Достық
6. Жан тыныштығы
7. Денсаулық
8. Білім, оқу
9. Қызықты жұмыс, кәсіп
10. Махаббат
11. Материалдық қамсыз өмір
12. Қоғамдық мойындау, танымалдық, бедел
13. Адамдарға көмек
14. Өзін-өзі дамыту, өзіне деген құрмет
15. Мансап, қоғамдағы жоғары орын
16. Шығармашылық
17. Басқа (көрсетіңіз) _____

(99) Жауап беруге қиналамын

3. Төменде берілген пікірлердің қайсысы Сіздің өмірлік ұстанымыңызға көбірек сәйкес келеді? (БІР ЖАУАП)

1. Әлемдегі ең үлкен байлық – отбасы және балалар
2. Бүгінгі күнмен өмір сүру және өмірден ләззат алу керек

3. Өз болашағыңды жоспарлау арқылы өмір сүру керек
4. Адам үшін ең бастысы – өзін-өзі жетілдіру және өзін-өзі дамыту
5. Ақшадан да маңызды заттар бар, алайда, ақшасыз оларды сатып ала алмайсың
6. Адамның қалағаны емес, Алланың дегені болады
7. Отансыз адам – ормансыз бұлбұл
8. Басқа (жазыңыз) _____

(99) Жауап беруге қиналамын

4. Болашақта өзіңді қалай елестетесіз? (ҮШТЕН ЕКІ ЖАУАПТАН АРТЫҚ ЕМЕС)

1. Материалдық тұрғыда қамтылған
2. Жақсы отағасы / ошақбасы
3. Кәсіби, жақсы маман
4. Лайықты азамат
5. Белгілі, танымал
6. Адал, ұстанымшыл
7. Адамгершілігі жоғары
8. Басқа (көрсетіңіз) _____

(99) Жауап беруге қиналамын

5. Сіздің ойыңызша адам өміріндегі еңбектің рөлі қандай? (БІР ЖАУАП)

1. Еңбек адамның өмірлік қажеттілігі, оның тұлғасының дамуына мүмкіндік береді
2. Еңбек материалдық қамсыздандыру құралы ретінде қажет
3. Еңбек үнемі жетістікке жеткізбейді, өмірде бастысы сәттілік, жақсы туыстар және достық қатынастар
4. Басқа (көрсетіңіз) _____

(99) Жауап беруге қиналамын

6. Сіз үшін жұмыс таңдаудағы ең бастысы не? (белгіленетін жауап нұсқаларының саны ЕКІ ЖАУАПТАН АРТЫҚ ЕМЕС)

1. Тұрақты кіріс
2. Жоғары еңбек ақы
3. Кәсіби дағдыларды арттыру мүмкіндігі
4. Қызықты жұмыс
5. Ұжымдағы жағдай
6. Мансап жолындағы өсу мүмкіндігі
7. Басқа (жазыңыз) _____

(99) Жауап беруге қиналамын

ОТБАСЫЛЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР

7. Төменде берілген берік отбасының қалыптасу шарттарын 1-ден 5-ке дейін межелікте бағалаңыз, мұндағы 1 – мүлдем маңызды емес, ал 5 – аса маңызды. Яғни, егер берік отбасы үшін өзара сыйластық міндетті түрде қажет деп есептесеңіз, онда 5-ті таңдайсыз, егер өзара сыйластық мүлде маңызды болмаса 1-ді таңдайсыз т.б. (әр жолда БІР ЖАУАП)

№	Шарттар	Мүлдем маңызды емес	2	3	4	Аса маңызды	Ж.б./қ
1	Өзара сыйластық	1	2	3	4	5	(99)
2	Өзара түсіністік және төзім	1	2	3	4	5	(99)
3	Жұбайлық адалдық	1	2	3	4	5	(99)
4	Ерлі-зайыптылардың қиыншылықтардың шешімін бірге табуы	1	2	3	4	5	(99)
5	Балалар және оларға бірлесе тәрбие беру	1	2	3	4	5	(99)
6	Тұрғын үймен қамтамасыз ету	1	2	3	4	5	(99)
7	Отбасының жоғары кірісі (еңбек ақы т.б.)	1	2	3	4	5	(99)
8	Үйдегі міндеттерді тең бөлісу	1	2	3	4	5	(99)
9	Ортақ қызығушылықтардың болуы	1	2	3	4	5	(99)

10	Бірге көбірек уақыт өткізу мүмкіндігі	1	2	3	4	5	(99)
11	Ата-аналарынан жеке тұру	1	2	3	4	5	(99)
12	Басқа (көрсетіңіз)	1	2	3	4	5	

8. Сіз келесі тұжырымдармен келісесіз бе? (әр жолда БІР ЖАУАП)

№	Тұжырымдар	Толық келісемін	Келісемін	Келіс пеймін	Толық келіс пеймін	Ж.б./қ
1	Мен ата-анам мені мақтан тұтқанын қалаймын	1	2	3	4	(99)
2	Анасы күн көру үшін жұмыс жасаса, балалары зардап шегеді	1	2	3	4	(99)
3	Әйел адамдарға қарағанда ер адамдар жақсы саяси көшбасшы болады	1	2	3	4	(99)
4	Жоғары білім қыз балаға қарағанда ер бала үшін маңызды	1	2	3	4	(99)
5	Ер адамдар бизнесті әйел адамдарға қарағанда жақсы жүргізеді	1	2	3	4	(99)
6	Үй шаруасымен айналысу еңбек ақыға жұмыс істегенмен бірдей жақсы	1	2	3	4	(99)
7	Басқа (көрсетіңіз)	1	2	3	4	

9. Сіз отбасыңызбен бірге бос уақытыңызды қалай өткізесіз? (әр жолда БІР ЖАУАП)

№	Бос уақытты өткізу түрлері	Ешқашан	Жылына 1-2 реттен артық емес	Жылына 3-6 рет	Айына 1 ретке жуық	Апта сына 1 рет	Апта сына 1 реттен артық	Ж.б./қ
1	Қонаққа барамыз	1	2	3	4	5	6	(99)
2	Қонақ шақырамыз	1	2	3	4	5	6	(99)
3	Театр және музейге барамыз	1	2	3	4	5	6	(99)
4	Концертке барамыз	1	2	3	4	5	6	(99)
5	Киноға барамыз	1	2	3	4	5	6	(99)
6	Табиғатқа шығамыз	1	2	3	4	5	6	(99)
7	Саябақта қыдырамыз	1	2	3	4	5	6	(99)
8	Дәмханаға барамыз	1	2	3	4	5	6	(99)
9	Мейрамханаға барамыз	1	2	3	4	5	6	(99)
10	Отбасымызбен спортпен айналысамыз	1	2	3	4	5	6	(99)
11	Мешітке, шіркеуге барамыз	1	2	3	4	5	6	(99)
12	Басқа (жазыңыз)	1	2	3	4	5	6	

10. Отбасыңызда өз ұлтыңыздың (этнос) дәстүрін сақтайсыз ба? (БІР ЖАУАП)

1. Иә, өз ұлтымыздың барлық дәстүрін сақтаймыз
 2. Тек кейбірін ғана сақтаймыз
 3. Жоқ, алайда ұлттық мерекелерді тойлаймыз
 4. Жоқ, мүлдем сақтамаймыз
- (99) Жауап беруге қиналамын

ҰЛТАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР ЖӘНЕ ДІН

11. Сіз қайда тұрғыңыз келеді? (БІР ЖАУАП)

1. Әр түрлі этностық топтағы (ұлттар) адамдары көп қалада

2. Менің этностық тобыма (ұлт) жататын адамдар тұратын қалада
3. Әр түрлі этностық топтағы (ұлттар) адамдары көп ауылда
4. Менің этностық тобыма (ұлт) жататын адамдар тұратын ауылда
5. Басқа (жазыңыз) _____

(99) Жауап беруге қиналамын

12. Төменде әр түрлі адамдар топтары берілген. Қай топтағы адаммен көрші тұрғыңыз келетінін белгілеңіз (әр жолда бір жауап нұсқасын таңдау)

№	Адам топтары	Тұрғым келеді	Маған бәрібір	Неғұрлым жоқ	Мүлдем жоқ	Ж.б./қ
1	Басқа этностық топқа жататын адамдар (ұлт)	4	3	2	1	(99)
2	Иммигранттар және шетелдік жұмыскерлер	4	3	2	1	(99)
3	Басқа дінді (діни сенім) ұстанатын адамдар	4	3	2	1	(99)
4	Некесін АХАЖ-да ресми тіркеместен бірге тұратындар	4	3	2	1	(99)
5	Сізге түсініксіз тілде сөйлейтін адамдар	4	3	2	1	(99)
6	Оралмандар	4	3	2	1	(99)
7	Дәстүрлі емес сексуалдық бағыттағы адамдар	4	3	2	1	(99)
8	Басқа (жазыңыз) _____	4	3	2	1	

13. Ұлтаралық некеге көзқарасыңыз қалай? (БІР ЖАУАП)

1. Оң, аралас неке Қазақстан халқының тұтастығын арттырады
2. Оң десе болады, себебі ұлт (қандай да бір этностық топқа тиістілік) жар таңдауға әсер етпейді
3. Бейтарап, әркім өмірлік серігін өзі таңдайды
4. Теріс десе болады, аралас некенің қиыншылығы көп
5. Теріс, аралас неке міндетті ажырасуға алып келеді

(99) Жауап беруге қиналамын

14. Сіз өзіңізді діндар адам деп есептейсіз бе? (БІР ЖАУАП)

1. Мен дінге сенемін, діни қауымдастық өміріне араласып, діни нормаларды сақтаймын
2. Мен дінге сенемін, алайда ғибадатханаға тек мерекеде барамын және діни нормаларды сирек сақтаймын
3. Мен дінге сенемін, бірақ діни өмірге араласпаймын
4. Мен дінге сенбеймін, бірақ ғибадатханаларға барып, діни нормаларды сақтаймын
5. Мен дінге сенбеймін, бірақ сенетіндерді құрметтеймін
6. Мен дінге бейтарап қатынастамын
7. Мен дінге қарсымын, атеистпін
8. Басқа (жазыңыз) _____

(99) Жауап беруге қиналамын

15. Құдайға сену, діни орындар мен ғибадатханаларға бару қазақстандық жастардың рухани-адамгершілік тәрбиесіне көмектесе ме? (БІР ЖАУАП)

1. Иә, міндетті түрде көмектеседі
2. Жеке жағдайда көмектеседі (жастар арасындағы қылмыс, алкогольизм, нашақорлық т.б.)
3. Жоқ, жастардың рухани-адамгершілік дамуына отбасы, білім беру және мемлекет ықпал етуі керек

4. Басқа (көрсетіңіз) _____
 (99) Жауап беруге қиналамын

МӘДЕНИ-АДАМГЕРШІЛІК ДАМУ

16. Соңғы апта ішінде төменде аталғандардың қайсысын көріп, тыңдап немесе пайдаландыңыз? (әр жолда бір жауап нұсқасын таңдау)

№	Дерек көздері	Пайдаландым	Пайдаланбадым	Ж.б./қ
1	Баспа газет/журналдар	1	2	(99)
2	Электронды газет/журналдар	1	2	(99)
3	Жаңалықтар сайты	1	2	(99)
4	Теледидардағы жаңалықтар	1	2	(99)
5	Кітаптар, оның ішінде, электронды немесе онлайн	1	2	(99)
6	Радионың жаңа шығарылымдары	1	2	(99)
7	Әлеуметтік желілер	1	2	(99)
8	Басқа (көрсетіңіз) _____	1	2	

17. Төменде берілген орындарға қаншалықты жиі барасыз? (әр жолда бір жауап нұсқасы)

№	Орындар	Еш уақытта	Жылына 1-2 реттен артық емес	Жылына 3-6 рет	Айына 1 рет	Аптасына 1 рет	Аптасына 1 реттен артық	Ж.б./қ
1	Бар/Дәмхана/Мейрамхана	1	2	3	4	5	6	(99)
2	Кітапхана	1	2	3	4	5	6	(99)
3	Көрмелер	1	2	3	4	5	6	(99)
4	Зообақ	1	2	3	4	5	6	(99)
5	Ойын-сауық орталығы	1	2	3	4	5	6	(99)
6	Кинотеатр	1	2	3	4	5	6	(99)
7	Компьютерлік клуб	1	2	3	4	5	6	(99)
8	Мұражай	1	2	3	4	5	6	(99)
9	Түнгі би клубы	1	2	3	4	5	6	(99)
10	Спорт зал	1	2	3	4	5	6	(99)
11	Театр, концерт	1	2	3	4	5	6	(99)
12	Шіркеу/Мешіт/Синагога және т.с.с.	1	2	3	4	5	6	(99)

18. Интернетті (немесе кез келген тасымалдағышты) қаншалықты жиі пайдаланасыз? (БІР ЖАУАП)

1. Күніне бірнеше рет
2. Күн сайын, күніне бір рет
3. Аптасына бірнеше рет
4. Айына бірнеше рет
5. Пайдаланбаймын

(99) Жауап беруге қиналамын

19. Сіздің қандай әлеуметтік желілерде аккаунтыңыз бар? (жауаптардың КЕЗ КЕЛГЕН саны)

1. ВКонтакте
2. Facebook
3. Instagram

4. WhatsApp
5. Мой мир
6. Одноклассники
7. Twitter
8. Басқа
(жазыңыз) _____
9. Әлеуметтік желіде аккаунтым жоқ

20. Қазіргі уақытта қандай да бір әдебиетті оқу үстіндесіз бе? (БІР ЖАУАП)

1. Иә
2. Жоқ-----→ № 22 СҰРАҚҚА АУЫСУ
(99) Жауап беруге қиналамын-----→ № 22 СҰРАҚҚА АУЫСУ

21. Сіз көркем әдебиетті қай тілде оқи аласыз (жауаптардың КЕЗ КЕЛГЕН саны)

1. Қазақша
2. Орысша
3. Ағылшынша
4. Немісше
5. Қытайша
6. Түрікше
7. Французша
8. Испан тілінде
9. Басқа (жазыңыз) _____
(99) Жауап беруге қиналамын

22. Сіздің ойыңызша келесі жағдайлар қаншалықты дұрыс екенін 1-ден 10-ға дейінгі межелікте бағалаңыз, мұнда 1-мүлдем дұрыс емес, 10-толықтай дұрыс дегенді білдіреді (БІР ЖАУАП)

№	Құбылыстар	Мүлдем дұрыс емес										Толықтай дұрыс
		1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	Ж.б./ қ
1	Бірге тұру	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	Ж.б./ қ
2	Әйел адамдар үшін отбасын құрғанға дейінгі жыныстық қатынас	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	(99)
3	Ер адамдар үшін отбасын құрғанға дейінгі жыныстық қатынас	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	(99)
4	Бір жынысты қатынас	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	(99)
5	Ер адам әйел адамнан аз қаражат табатын жағдай	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	(99)
6	Балаларға күш көрсету	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	(99)
7	Жасанды түсік	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	(99)
8	Ажырасу	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	(99)
9	Ер адам өз әйеліне/қызына қол көтерген жағдай	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	(99)
10	Пара беру	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	(99)
11	Пара алу	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	(99)
12	Өзіне қол салу	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	(99)

23. Сіздің ойыңызша, қазақстандық жастардың рухани-адамгершілік тәрбиесіне бірінші кезекте кім жауапты болуы керек (адал, мейірімді, жауапты болу т.б.)? (БІР ЖАУАП)

1. Отбасы

2. Мектеп
3. Мешіт, шіркеу, синагога және т.б.
4. Қоғамдық ұйымдар
5. Жастарды дамытып және қолдайтын мемлекеттік ұйымдар
6. Кітапхана, оқу залдары
7. Театр, музейлер, көрмелер
8. Әскер
9. Теледидар және БАҚ
10. Достар мен құрдастар тобы
11. Еңбек ұжымы, сыныптастар, курстастар
12. Басқа (жазыңыз) _____

(99) Жауап беруге қиналамын

24. Төменде аталған қасиеттердің қайсысын қазақстандық жастардың бойында бірінші кезекте дамыту керек (Екі жауаптан артық емес)

1. Еңбек нарығындағы бәсекеге қабілеттілік
2. Тарихи ата тегімді сақтауға тырысу
3. Сапалы білім алуға ұмтылу
4. Нақты мақсаттарға қол жеткізуге ұмтылу тиімді өмір сүру
5. Сыртқы әлеммен өзара әрекеттестік пен өзгерістерге ашықтық
6. Біртіндеп даму талпынысы
7. Басқа (жазыңыз) _____

(99) Жауап беруге қиналамын

САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫ

25. Сіз дұрыс тамақтану режимін сақтайсыз ба? (БІР ЖАУАП)

1. Иә
2. Иә, жиі, бірақ кейде мүмкін бола бермейді
3. Сирек
4. Жоқ, еш уақытта тамақтану режимін сақтаған жоқпын
5. Басқа (жазыңыз) _____

(99) Жауап беруге қиналамын

26. Сіз спортзал, стадион, бассейнге қаншалықты жиі барасыз? (БІР ЖАУАП)

1. Аптасына 2 реттен артық
2. Айына 3-4 рет
3. Айына 1 рет
4. Жылына 1 реттен сирек
5. Басқа (жазыңыз) _____

6. Спорт мекемелеріне бармаймын

(99) Жауап беруге қиналамын

27. Соңғы үш ай уақыттың ішінде Сіздің сыныптастарыңызды, құрдастарыңызды, достарыңызды кемсіту мен ұрудың қаншалықты жиі куәсі болдыңыз? (БІР ЖАУАП)

1. Жиі -----→ №28 СҰРАҚҚА АУЫСУ
2. Кейде -----→ №28 СҰРАҚҚА АУЫСУ
3. Еш уақытта -----→ №29 СҰРАҚҚА АУЫСУ
4. Басқа (жазыңыз) _____

(99) Жауап беруге қиналамын -----→ №29 СҰРАҚҚА АУЫСУ

28. Сіздің құрдастарыңызға физикалық және басқа да күш көрсету кімнің тарапынан орын алды? (БІР ЖАУАП)

1. Туыс

2. Ұстаз
3. Сыныптас
4. Құрдас
5. Басқа (жазыңыз) _____

(99) Жауап беруге қиналамын

САЯСИ ҚҰНДЫЛЫҚТАР, ТІЛ ЖАҒДАЙЫ

29. Қалай ойлайсыз, сіз әділетті қоғамда өмір сүресіз бе? (БІР ЖАУАП)

1. Иә, әділетті
2. Иә, әділетті десе болады
3. Жоқ, әділетсіз десе болады
4. Жоқ, әділетсіз

(99) Жауап беруге қиналамын

30. Қазақстандық қоғам үшін қайсысы маңыздырақ? (БІР ЖАУАП)

1. Мемлекет қоғам өмірінде белсенді рөл атқаруы керек
2. Мемлекет қоғам өміріне араласпауы керек
3. Маған бәрібір, менің өз қызығушылықтарым бар

(99) Жауап беруге қиналамын

31. Сіз Қазақстанда тұратыныңызды мақтан етесіз бе? (БІР ЖАУАП)

1. Мен Қазақстанда тұрақты тұрмаймын
2. Қатты мақтанамын
3. Біршама мақтан етемін
4. Маған бәрібір
5. Аса мақтан етпейтін
6. Мүлдем мақтан етпеймін

(99) Жауап беруге қиналамын

32. Сіз «Рухани жаңғыру» бағдарламасының мазмұнымен таныссыз ба? (БІР ЖАУАП)

1. Ешқашан естімедім -----→ №36 СҰРАҚҚА АУЫСУ
2. Естігенім бар
3. Оқыдым, көрдім, мазмұнымен жақсы таныспын

(99) Жауап беруге қиналамын

33. «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» бағдарламасы туралы қайдан естіп білдіңіз? (КЕЗ КЕЛГЕН жауап саны)

1. Достар, таныстар
2. Әріптестер, курстастар
3. Теледидар
4. Газеттер
5. Әлеуметтік желілер
6. Интернет ресурстар
7. Басқа (жазыңыз) _____

(99) Жауап беруге қиналамын

34. «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» бағдарламасында ұсынылған идеялар мен тақырыптардың қайсысы Сіз үшін маңызды? (ЕКІ жауаптан артық емес)

1. Компьютерлік сауаттылық, шет тілдерін білу есебінен қазақстандықтардың бәсекеге қабілеттілігінің артуы
2. Дұрыс, қарапайым өмір сүру; ысырапсыз, өз шамасына қарай өмір сүру

3. Ұлттық мәдениет пен тарихты сақтау
4. Білімнің үстемдігі; тек жоғары білімді адамдар ғана жетістікке жете алады
5. Қазақстандық қоғамды, жаңа технологиялар мен ұлттық идеяларды бірлесе дамыту
6. Өзгерістерге дайын болу, басқалардан пайдалы тәжірибені үйрену
7. Қазақ тілінің Латын әліппесіне сатылы көшірілуі
8. Өзінің шағын отаны: қала, село, ауылға сүйіспеншілігін арттыру
9. Қазақстандық мәдениетті дүние жүзінде насихаттау
10. Басқа (жазыңыз)

(99) Жауап беруге қиналамын

35. Сіз «Рухани жаңғыру» бағдарламасының қандай бағыттары туралы білесіз немесе қатысушысы болып табыласыз? (БІР ЖАУАП)

№	Бағыттар	Естігенім бар	Жақсы білемін, қатысқан жоқпын	Білемін, қатыстым	Еш нәрсе естімедім, білмеймін
1	Қазақ тілін латын графикасына сатылы көшіру	1	2	3	4
2	Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық	1	2	3	4
3	Туған жер	1	2	3	4
4	Қазақстанның сакральді географиясы	1	2	3	4
5	Әлемдегі заманауи Қазақстандық мәдениет	1	2	3	4
6	Қазақстанның 100 жаңа тұлғасы	1	2	3	4
7	Басқа (жазыңыз) _____	1	2	3	

36. Сіздің ойыңызша қазіргі таңда жастар үшін республикалық деңгейде қандай жобалар қажет? (ЕКІ жауаптан артық емес)

1. Жұмысқа орналасуға көмек көрсету жобалары
2. Діни экстремизм және терроризмнің алдын алу жобалары
3. Құқық бұзушылықтың, суицидтің алдын алу, алкогольизм, темекі шегу және нашақорлықпен күрес жобалары
4. Қиын өмірлік жағдайда қалған жастарды еңбекке және әлеуметтік бейімдеу жобалары
5. Талантты жастарды қолдау жобалары
6. Басқа (жазыңыз) _____

(99) Ол туралы ойламадым/Жауап беруге қиналамын

37. Сіз үшін «Туған жер» ұғымы нені білдіреді? (БІР ЖАУАП)

1. Қазақстан
2. Мен туған қала, кент, ауыл
3. Мен тұратын қала, кент, ауыл
4. Өзімді жақсы сезінетін кез келген орын
5. Басқа (жазыңыз) _____

(99) Жауап беруге қиналамын

38. Сіз «Туған жер» бағдарламасының қай бағытын маңызды деп есептейсіз? (БІР ЖАУАП)

1. «Тәрбие және білім» — қазақстандық патриотизм рухында жан-жақты үйлесімді дамыған тұлғаны тәрбиелеу
 2. «Атамекен» — қазақстандықтардың азаматтық белсенділігін және шағын отанының тағдыры үшін жауапкершілік сезімін арттыру (туған қала, ауыл, кент).
 3. «Рухани Қазына» — туған өлкесі тарихы мен мәдениетіне, дәстүріне қызығушылықтың және құрметтің жаңғыруы
 4. «Ақпарат толқыны» — Бағдарламаны жүзеге асыру барысы туралы халыққа ақпарат беру, азаматтар жүзеге асырылатын жобалардың қоғамдық мониторингіне қатысу үшін ақпараттық инфрақұрылым құру
- (99) Жауап беруге қиналамын*

39. «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы жаңа даму мүмкіндіктері» Елбасы жолдауында айтылған қандай міндеттердің шешімін табу Сіздің ойыңызша маңыздырақ? (ҮШ жауаптан артық емес)

1. Өнеркәсіпке жаңа технологиялар енгізу
 2. Ресурстық әлеуетті дамыту (табиғат ресурстарын басқару, энергия үнемдеу және экологиялық)
 3. Агроөнеркәсіптік кешенді дамытуда «ақылды технологияларды» қолдану
 4. Көлік-логистикалық инфрақұрылым тиімділігін арттыру
 5. Құрылыс және коммуналдық секторда заманауи технологиялар енгізу
 6. Қаржылық сектор тиімділігін арттыру (оның ішінде, банктер және кредиттер)
 7. Ғылым мен білімді дамыту
 8. Тиімді мемлекеттік басқару
 9. Жемқорлықпен күрес, заңның үстемдігі
 10. Қала инфрақұрылымын дамыту (Смарт сити)
- (99) Жауап беруге қиналамын*

40. 2017 жылы экономиканың даму қарқынын арттыру, оны цифрлы түрге ауыстыру және халықтың өмір сүру сапасын цифрлы технологияларды пайдалану есебінен жақсарту мақсатында «Цифрлы Қазақстан» бағдарламасы енгізілген. Сіздің ойыңызша осы бағдарлама қаншалықты заманауи болып табылады? (БІР ЖАУАП)

1. Оны жүзеге асыру қазір маңызды, уақыт талабына сай қадам басу керек
 2. Бағдарлама маңызды, алайда, басқа да мәселелердің шешімін табу керек
 3. Басқа да маңызды мәселелер болғандықтан қазіргі уақытта маңызды деп есептемеймін
 4. Мен бұл Қазақстан үшін мүлдем маңызды емес деп есептеймін
- (99) Жауап беруге қиналамын*

41. «Рухани жаңғыру» бағдарламасы шеңберінде қазақ тіліне әр түрлі пәндер бойынша 100 жетекші әлемдік оқулықтар аударылған. Сіздің ойыңызша бұл қазіргі Қазақстан үшін қаншалықты маңызды?

1. Мен қазақ тілін меңгергенмін және бұл маңызды деп ойлаймын
 2. Мен қазақ тілін меңгергенмін, дегенмен бұл мен үшін маңызды емес
 3. Мен қазақ тілін меңгермегенмін, алайда бұл басқалар үшін маңызды деп есептеймін
 4. Мен қазақ тілін меңгермегенмін және бұл маңызды емес
- (99) Жауап беруге қиналамын*

42. Ұлттың бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін сіздің ойыңызша, жастардың бойында қандай білім мен дағдыларды дамыту керек? (ҮШ жауаптан артық емес)

1. Шет тілдерін білу
2. Компьютерлік сауаттылық
3. Жаңа технологияларды білу
4. Кәсіби дағдылар

5. Жылдам үйрену
 6. Менеджерлік қабілет және жобаларды басқару
 7. Сауатты ауызша және жазбаша сөйлеу
 8. Құқықтық сауаттылық
 9. Коммуникация және көпшілік алдында сөз сөйлеу дағдылары
 10. Уақытты басқару, жоспарлау
 11. Басқа (жазыңыз) _____
- (99) Жауап беруге қиналамын

43. Еліміз халықаралық деңгейде танымал болу үшін қазақстандық жастарға не істеу керек? (ҮШ жауаптан артық емес)

1. Негізінен отандық тауарларды сатып алу
2. Өз ісінің маманы болу
3. Ғылымды дамыту
4. Халық қолөнерімен айналысу
5. Ұлттық спорт түрлерімен айналысу
6. Шетелдік тәжірибе өту бағдарламаларына қатысу
7. Шетелде білім алу
8. Басқа мемлекеттерде волонтерлік қызметпен айналысу
9. Басқа (жазыңыз) _____

(99) Жауап беруге қиналамын

ӘЛЕУМЕТТІК-ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ БЛОК

D1. Жынысы: 1. Ер 2. Әйел

D2. Жасы: / _____ / жаста

D3. Сіздің ұлтыңыз қандай? 1. Қазақ 2. Орыс 3. Басқа
(көрсетіңіз) _____

D4. Өзіңізді қай дінге жатқызасыз?

1. Ислам
2. Христиан
3. Мен ешбір дінді ұстанбаймын
4. Басқа

(көрсетіңіз) _____

(99) Жауап беруге қиналамын

D5. Білімі:

1. ЖОО-дан кейінгі (аспирантура, магистратура, докторантура)
2. Жоғары (білікті маман)
3. Аяқталмаған жоғары (дипломсыз немесе ағымдағы уақытта білім алып жатқан)
4. Орта арнаулы, кәсіби білім (колледж, техникум)
5. Жалпы орта білім (11 жыл)
6. Негізгі орта білім (9 жыл)
7. Білімі жоқ

D6. Отбасылық жағдайыңыз қандай?

1. Үйленген
2. Үйленбеген
3. Ресми некесіз бірге тұрамыз
4. Жесір

5. Ажырасқан
(99) Жауап беруге қиналамын

D7. Қазіргі уақытта жұмыс істейсіз бе?

1. Жоқ, мен тек оқимын ---→ **САУАЛНАМА ТОЛТЫРУДЫ АЯҚТАУ**
 2. Оқимын және бір мезгілде жұмыс істеймін (табыс табамын)
 3. Иә, жұмыс істеймін
 4. Оқымаймын, жұмыс істемеймін және жұмыс іздемеймін ---→ **САУАЛНАМА ТОЛТЫРУДЫ АЯҚТАУ**
 5. Оқымаймын, жұмыс іздемеймін (жұмыссыз), жұмыс іздеймін ---→ **САУАЛНАМА ТОЛТЫРУДЫ АЯҚТАУ**
- (99) Жауап беруге қиналамын

D8. Өзіңіздің негізгі қызметіңіздің түрін көрсетіңіз

1. Мемлекеттік қызметкер
2. Ғылым/ мәдениет/ денсаулық сақтау/ білім беру/ мектепке дейінгі тәрбие салаларының қызметкері
3. Қаржы саласы маманы (банктер, бухгалтерия т.б.)
4. Орталық немесе жергілікті мемлекеттік орган қызметкері
5. Бизнесмен / кәсіпкер
6. Халықаралық компания / ұйым қызметкері
7. БАҚ қызметкері
8. Қызмет көрсету саласының жұмыскері
9. Сауда саласының жұмыскері
10. Құрылыс саласының жұмыскері
11. Ауыл шаруашылық жұмыскері
12. Тұрғын үй – коммуналдық шаруашылық жұмыскері
13. Жылжымайтын мүлік саласының жұмыскері
14. Өнеркәсіптік саласының жұмыскері
15. Техникалық персонал (күзетші, вахтер, еден жуушы т.б.)
16. Өзін-өзі жұмыспен қамтыған
17. Тұрақты жұмыс орны жоқ, әр түрлі жұмыс істеймін, уақытша жұмыс істемеймін
18. Басқа (көрсетіңіз) _____

(99) Жауап беруге қиналамын

САУАЛНАМАҒА ҚАТЫСҚАНЫҒЫЗ ҮШІН АЛҒЫС БІЛДІРЕМІЗ!

Сауалнама алушы ТАӘ _____	Сауалнама алушы № _____
Сауалнама күні _____	Сауалнама алушы қолы _____
КОД _____	ЕНГІЗІ _____

СЫЗБАЛЫҚ БӨЛІНУЛЕР

Сіз жалпы түрде өзіңіз туралы қандай пікірлесіз...

	Саны	%
Бақытты адам	1380	69
Бақытсызға қарағанда, неғұрлым бақытты адаммын	551	27,6
Бақытты адамға қарағанда, неғұрлым бақытсыз адаммын	36	1,8

Бақытсыз адаммын	13	0,7
Жауап беруге қиналамын	20	1

Сіз үшін өмірде ең құнды нәрсе не?

	Саны	%
Наным, дін	210	10,5
Отбасы	1621	81,1
Көбірек рахат алу мүмкіндігі, ойын-сауық	77	3,9
Билік	69	3,5
Достық	553	27,7
Жан тыныштығы	180	9,0
Денсаулық	1055	52,8
Білім, оқу	284	14,2
Қызықты жұмыс, кәсіп	226	11,3
Махаббат	324	16,2
Материалдық қамсыз өмір	335	16,8
Қоғамдық мойындау, танымалдық, бедел	42	2,1
Адамдарға көмек	84	4,2
Өзін-өзі дамыту, өзіне деген құрмет	158	7,9
Мансап, қоғамдағы жоғары орын	126	6,3
Шығармашылық	38	1,9
Басқа	5	0,4
Жауап беруге қиналамын	13	0,7

Төменде берілген пікірлердің қайсысы Сіздің өмірлік ұстанымыңызға көбірек сәйкес келеді?

	Саны	%
Әлемдегі ең үлкен байлық – отбасы және балалар	878	43,9
Бүгінгі күнмен өмір сүру және өмірден ләззат алу керек	232	11,6
Өз болашағыңды жоспарлау арқылы өмір сүру керек	350	17,5
Адам үшін ең бастысы – өзін-өзі жетілдіру және өзін-өзі дамыту	235	11,8
Ақшадан да маңызды заттар бар, алайда, ақшасыз оларды сатып ала алмайсың	100	5
Адамның қалағаны емес, Алланың дегені болады	152	7,6
Отансыз адам – ормансыз бұлбұл	24	1,2

Басқа (адам-өз бақытының ұстасы, ешкімге кедергі келтірмеу, жеңіс пен жеңіліс тек ойында ғана-оның есімі, бәрі жасалынып жатқан өмір, жақсы)	6	0,5
Жауап беруге қиналамын	23	1,2

Болашақта өзіңізді қалай елестетесіз?

	Саны	%
Материалдық тұрғыда қамтылған	818	40,9
Жақсы отағасы/ ошақбасы	818	40,9
Кәсіби, жақсы маман	587	29,4
Лайықты азамат	451	22,6
Белгілі, танымал	182	9,1
Адал, ұстанымшыл	284	14,2
Адамгершілігі жоғары	190	9,5
Басқа (табысты, бақытты, психологиялық икемді, филантроп)	8	0,6
Жауап беруге қиналамын	17	0,9

Сіздің ойыңызша адам өміріндегі еңбектің рөлі қандай?

	Саны	%
Еңбек адамның өмірлік қажеттілігі, оның тұлғасының дамуына мүмкіндік береді	1038	51,9
Еңбек материалдық қамсыздандыру құралы ретінде қажет	616	30,8
Еңбек үнемі жетістікке жеткізбейді, өмірде бастысы сәттілік, жақсы туыстар және достық қатынастар	318	15,9
Басқа (ешқандай рөл ойнамайды)	4	0,3
Жауап беруге қиналамын	24	1,2

Сіз үшін жұмыс таңдаудағы ең бастысы не?

	Саны	%
Тұрақты кіріс	815	40,8
Жоғары еңбек ақы	870	43,5
Кәсіби дағдыларды арттыру мүмкіндігі	375	18,8
Қызықты жұмыс	635	31,8
Ұжымдағы жағдай	216	10,8
Мансап жолындағы өсу мүмкіндігі	311	15,6
Басқа (өмірде өз орнын табу)	1	0,1
Жауап беруге қиналамын	24	1,2

Төменде берілген берік отбасының қалыптасу шарттарын 1-ден 5-ке дейін межелікте бағалаңыз. (Саны)

Шарттар	Мүлдем маңызды емес	2	3	4	Аса маңызды	Ж.б /қ
Өзара сыйластық	18	16	70	226	1659	11
Өзара түсіністік және төзім	14	11	95	320	1552	8
Жұбайлық адалдық	14	24	75	221	1643	23
Ерлі-зайыптылардың қиыншылықтардың шешімін бірге	14	14	11	345	1497	18

табуы						
Балалар және оларға бірлесе тәрбие беру	21	13	98	310	1544	14
Тұрғын үймен қамтамасыз ету	12	33	14 4	343	1445	23
Отбасының жоғары кірісі (еңбек ақы т.б.)	30	36	17 4	469	1277	14
Үйдегі міндеттерді тең бөлісу	100	83	29 3	444	1059	21
Ортақ қызығушылықтардың болуы	53	45	28 1	428	1181	12
Бірге көбірек уақыт өткізу мүмкіндігі	33	30	19 5	430	1291	21
Ата-аналарынан жеке тұру	418	158	26 3	281	838	42
Басқа (үлкендерді құрметтеу, махаббат, отбасылық достық)						

Төменде берілген берік отбасының қалыптасу шарттарын 1-ден 5-ке дейін межелікте бағалаңыз. (Саны)

Шарттар	Мүлдем маңызды емес	2	3	4	Аса маңызды	Ж.б./қ
Өзара сыйластық	0,9	0,8	3,5	11,3	83,0	0,6
Өзара түсіністік және төзім	0,7	0,6	4,8	16,0	77,6	0,4
Жұбайлық адалдық	0,7	1,2	3,8	11,1	82,2	1,2
Ерлі-зайыптылардың қиыншылықтардың шешімін бірге табуы	0,7	0,7	5,6	17,3	74,9	0,9
Балалар және оларға бірлесе тәрбие беру	1,1	0,7	4,9	15,5	77,2	0,7
Тұрғын үймен қамтамасыз ету	0,6	1,7	7,2	17,2	72,3	1,2
Отбасының жоғары кірісі (еңбек ақы т.б.)	1,5	1,8	8,7	23,5	63,9	0,7
Үйдегі міндеттерді тең бөлісу	5,0	4,2	14, 7	22,2	53,0	1,1
Ортақ қызығушылықтардың болуы	2,7	2,3	14, 1	21,4	59,1	0,6
Бірге көбірек уақыт өткізу мүмкіндігі	1,7	1,5	9,8	21,5	64,6	1,1
Ата-аналарынан жеке тұру	20,9	7,9	13, 2	14,1	41,9	2,1
Басқа						

Сіз келесі тұжырымдармен келісесіз бе? (Саны)

Тұжырымдар	Толық келісемін	Келісемін	Келіспеймін	Толық келіспеймін	Ж.б./қ.
Менің ата-анам мені мақтан тұтқанын қалаймын	1126	761	23	74	16
Анасы күн көру үшін жұмыс жасаса, балалары зардап шегеді	231	628	864	188	89
Әйел адамдарға карағанда ер адамдар	345	731	635	205	84

жақсы саяси көшбасшы болады					
Жоғары білім қыз балаға қарағанда ер бала үшін маңызды	202	369	1017	343	69
Ер адамдар бизнесті әйел адамдарға қарағанда жақсы жүргізеді	273	566	841	217	103
Үй шаруасымен айналысу еңбек ақыға жұмыс істегенмен бірдей жақсы	238	576	800	210	176
Басқа					

Сіз келесі тұжырымдармен келісесіз бе? (Саны)

Тұжырымдар	Толық келісемін	Келісемін	Келіспеймін	Толық келіспеймін	Ж.б./к.
Менің ата-анам мені мақтан тұтқанын қалаймын	56,3	38,1	1,2	3,7	0,8
Анасы күн көру үшін жұмыс жасаса, балалары зардап шегеді	11,6	31,4	43,2	9,4	4,5
Әйел адамдарға қарағанда ер адамдар жақсы саяси көшбасшы болады	17,3	36,6	31,8	10,3	4,2
Жоғары білім қыз балаға қарағанда ер бала үшін маңызды	10,1	18,5	50,9	17,2	3,5
Ер адамдар бизнесті әйел адамдарға қарағанда жақсы жүргізеді	13,7	28,3	42,1	10,9	5,2
Үй шаруасымен айналысу еңбек ақыға жұмыс істегенмен бірдей жақсы	11,9	28,8	40,0	10,5	8,8
Басқа					

Сіз отбасыңызбен бірге бос уақытыңызды қалай өткізесіз? (Саны)

Бос уақытты өткізу түрлері	Ешқашан	Жылына 1-2 реттен артық емес	Жылына 3-6 рет	Айына 1 ретке жуық	Аптасына 1 рет	Аптасына 1 реттен артық	Ж.б./к
Қонаққа барамыз	51	181	424	731	413	143	57
Қонақ шақырамыз	31	186	468	717	390	157	51
Театр және музейге барамыз	736	658	287	165	65	24	65
Концертке барамыз	576	742	373	170	65	20	54
Киноға барамыз	449	500	440	389	116	56	50
Табиғатқа шығамыз	207	669	557	328	125	67	47

Саябақта қыдырамыз	274	377	333	450	339	176	51
Дәмханаға барамыз	249	367	475	532	229	95	53
Мейрамханаға барамыз	488	465	429	358	139	51	70
Отбасымызбен спортпен айналысамыз	985	247	210	173	176	142	67
Мешітке, шіркеуге барамыз	434	502	334	321	242	96	71
Басқа							

Сіз отбасыңызбен бірге бос уақытыңызды қалай өткізесіз? (Саны)

Бос уақытты өткізу түрлері	Ешқашан	Жылына 1-2 реттен артық емес	Жылына 3-6 рет	Айына 1 ретке жуық	Аптасына 1 рет	Аптасына 1 реттен артық	Ж.б /к
Қонаққа барамыз	2,6	9,1	21,2	36,6	20,7	7,2	2,9
Қонақ шақырамыз	1,6	9,3	23,4	35,9	19,5	7,9	2,6
Театр және музейге барамыз	36,8	32,9	14,4	8,3	3,3	1,2	3,3
Концертке барамыз	28,8	37,1	18,7	8,5	3,3	1,0	2,7
Киноға барамыз	22,5	25,0	22,0	19,5	5,8	2,8	2,5
Табиғатқа шығамыз	10,4	33,5	27,9	16,4	6,3	3,4	2,4
Саябақта қыдырамыз	13,7	18,9	16,7	22,5	17,0	8,8	2,6
Дәмханаға барамыз	12,5	18,4	23,8	26,6	11,5	4,8	2,7
Мейрамханаға барамыз	24,4	23,3	21,5	17,9	7,0	2,6	3,5
Отбасымызбен спортпен айналысамыз	49,3	12,4	10,5	8,7	8,8	7,1	3,4
Мешітке, шіркеуге барамыз	21,7	25,1	16,7	16,1	12,1	4,8	3,6
Басқа ОСО, араласамыз, (әжелерімізге барамыз, қызықты ойындармен ойнаймыз)							

Отбасыңызда өз ұлтыңыздың (этнос) дәстүрін сақтайсыз ба?

	Саны	%
Иә, өз ұлтымыздың барлық дәстүрін сақтаймыз	890	44,5
Тек кейбірін ғана сақтаймыз	803	40,2
Жоқ, алайда ұлттық мерекелерді тойлаймыз	218	10,9
Жоқ, мүлдем сақтамаймыз	62	3,1
Жауап беруге қиналамын	27	1,4

Сіз қайда тұрғыңыз келеді?

	Саны	%

Әр түрлі этностық топтағы (ұлттар) адамдары көп қалада	1156	57,8
Менің этностық тобыма (ұлт) жататын адамдар тұратын қалада	438	21,9
Әр түрлі этностық топтағы (ұлттар) адамдары көп ауылда	182	9,1
Менің этностық тобыма (ұлт) жататын адамдар тұратын ауылда	139	7,0
Басқа (<i>Мен өз ауылында, әлем бар әлемде дүниеге келгеніме қуаныштымын, менің дінімді адамдар қайда маңызды емес</i>)	17	1,0
<i>Жауап беруге қиналамын</i>	68	3,4

Төменде әр түрлі адамдар топтары берілген. Қай топтағы адаммен көрші тұрғыңыз келетінін белгілеңіз (**Саны**)

Адам топтары	Тұрғым келеді	Маған бәрібір	Неғұрлым жоқ	Мүлдем жоқ	Ж.б./қ.
Басқа этностық топқа жататын адамдар	487	1165	161	110	77
Иммигранттар және шетелдік жұмыскерлер	182	920	627	214	57
Басқа дінді (діни сенім) ұстанатын адамдар	159	1107	383	236	115
Некесін АХАЖ-да ресми тіркеместен бірге тұратындар	116	1195	281	269	139
Сізге түсініксіз тілде сөйлейтін адамдар	179	800	581	294	146
Оралмандар	249	1070	356	206	119
Дәстүрлі емес сексуалдық бағыттағы адамдар	30	328	414	1098	130
Басқа (<i>Өз ұлттығымен, қамтамасыз етілген/кедей, достарымен, жақсы адамдармен</i>)					

Төменде әр түрлі адамдар топтары берілген. Қай топтағы адаммен көрші тұрғыңыз келетінін белгілеңіз (**Саны**)

Адам топтары	Тұрғым келеді	Маған бәрібір	Неғұрлым жоқ	Мүлдем жоқ	Ж.б./қ.
--------------	---------------	---------------	--------------	------------	---------

Басқа этностық топқа жататын адамдар	24,4	58,3	8,1	5,5	3,9
Иммигранттар және шетелдік жұмыскерлер	9,1	46,0	31,4	10,7	2,9
Басқа дінді (діни сенім) ұстанатын адамдар	8,0	55,4	19,2	11,8	5,8
Некесін АХАЖ-да ресми тіркеместен бірге тұратындар	5,8	59,8	14,1	13,5	7,0
Сізге түсініксіз тілде сөйлейтін адамдар	9,0	40,0	29,1	14,7	7,3
Оралмандар	12,5	53,5	17,8	10,3	6,0
Дәстүрлі емес сексуалдық бағыттағы адамдар	1,5	16,4	20,7	54,9	6,5
Басқа (<i>Өз ұлттығымен, қамтамасыз етілген/кедей, достарымен, жақсы адамдармен</i>)					

Ұлтаралық некеге көзқарасыңыз қалай?

	Саны	%
Оң, аралас неке Қазақстан халқының тұтастығын арттырады	399	20,0
Оң десе болады, себебі ұлт (қандай да бір этностық топқа тиістілік) жар таңдауға әсер етпейді	427	21,4
Бейтарап, әркім өмірлік серігін өзі таңдайды	702	35,1
Теріс десе болады, аралас некенің қиыншылығы көп	312	15,6
